



## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАРЛЫҒЫ

Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысының кейбір мәселелері туралы «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН**:

1. Алматы облысының әкімшілік орталығы Талдықорған қаласынан Қонаев қаласына көшірілсін.

2. Мыналар:  
1) Шығыс Қазақстан облысының құрамынан Ақсуат, Абай, Аягөз, Бесқарағай, Бородулиха, Жарма, Үржар, Көкпекті аудандарын, Семей және Курчатов қалаларын бөлу жолымен әкімшілік орталығы Семей қаласында орналасатын Абай облысы;

2) Алматы облысының құрамынан Ақсу, Алакөл, Ескелді, Қаратал, Кербұлақ, Көксу, Панфилов, Сарқан аудандарын, Талдықорған және Текелі қалаларын бөлу жолымен әкімшілік орталығы Талдықорған қаласында орналасатын Жетісу облысы;

3) Қарағанды облысының құрамынан Жанаарқа, Ұлытау аудандарын, Жезқазған, Қаражал және Сәтбаев қалаларын бөлу жолымен әкімшілік орталығы Жезқазған қаласында орналасатын Ұлытау облысы құрылсын.

3. Алматы облысының жергілікті өкілді және атқарушы органдары, сондай-ақ орталық мемлекеттік органдардың аумақтық бөлімшелері мен ведомстволық бағынысты мекемелері Қонаев қаласына көшірілгенге дейін Талдықорған қаласында орналасады деп белгіленсін.

4. Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотымен, Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сот Кеңесімен, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдармен бірлесіп, бір ай мерзімде ұйымдастыру іс-шараларының жоспарын (жол картасын) бекітсін және осы Жарлықты іске асыру жөнінде өзге де шараларды қабылдасын.

5. Орталық мемлекеттік органдар, Абай, Жетісу, Ұлытау облыстарының, сондай-ақ Шығыс Қазақстан, Алматы, Қарағанды облыстарының жергілікті өкілді және атқарушы органдары орталық мемлекеттік органдардың тиісті аумақтық бөлімшелерінің, жергілікті өкілді және атқарушы органдар мен ұйымдардың іркіліссіз және тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету жөнінде шараларды қабылдасын.

6. Осы Жарлықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне жүктелсін.


7. Осы Жарлықты 2022 жылғы 8 маусымнан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының Президенті  
**Қ.ТОҚАЕВ**

Нұр-Сұлтан, Ақорда, 2022 жылғы 3 мамыр  
№ 887

## ✓ МЕРЕКЕ АЙШЫҒЫ

# РУХ КӨТЕРГЕН РӘМІЗДЕР



**Мемлекеттік рәміздер күнін талдықорғандықтар «Рәміздерім – мақтанышым!» атты патриоттық акциямен атап өтті. Салтанатты шараға облыс әкімі Бейбіт ИСАБАЕВ қатысты.**

Дастанбек САДЫҚ,  
«Jetyisy»

«Жастар» саябағында Мемлекеттік Туды көтеру салтанатына, көгінде қыраны қалықтаған, аспанын бұлт торламаған еліміздің рухын көтеретін шараға қала тұрғындары да ағыла келіпті. Еңбектеген баласынан еңкейген кәрісіне дейін кеудесіне қолын қойып, Рәміздерімізге тәу етуге келгендері көрініп-ақ тұр. 92 метр биікте, шырқау көкте желбіреген алып Тудың астында көзіне жас алып, сезімге еріксіз бой алдырған қарияларды да көз шалды.

Салтанатты мезгірете Оқушылар сарайының, Қ. Байсейітов атындағы музыка колледжінің құрама хоры мен Дәнеш Рақы-

шев атындағы облыстық филармонияның солистері Қазақстан Республикасының Әнұранын орындады. Шараға қатысушылар да хорға қосылып рух көтерді.

Іс-шара әскери оркестрдің, әскери қызметкерлердің, спорт, мәдениет, білім, этномәдени бірлестіктер өкілдері, сондай-ақ, жастар мен еріктілер қатысқан салтанатты шеруге жалғасты. Ал шерудің соңы Орталық алаңда «Көк Тудың желбірегені» патриоттық акциясымен аяқталды.

Акцияға белсенді қатысушылардың бірі Лариса Котельникованың айтуынша, достық пен татулықтың мекені атанған Қазақстанның Көк байрағы қашан да биікте болуы керек.

– Қазақстанның Туы ашық аспан, нұрлы күн және қыран құстың еркін ұшуын бейнелейді. Қай жерде болсақ та

мемлекеттік рәміздерімізді әрбіріміз мақтан тұтамыз. Татулықтың мекені болған еліміздің рәміздерінен асқан құндылық жоқ. Көк Туымыз, Елтаңбамыз бен кеудемізде рух оятар Әнұранымызды қастерлеуге әрбір ұрпақты тәрбиелеуіміз керек. Себебі, бүгінгі ұрпақ – ертеңгі тұлға. Ал олар ертеңімізді жарқын етуі үшін бүгін елжандылыққа, елсүйгіштікке бейімдеуіміз керек. Шыны керек, жүрегіміз даланың әуені мен әніне толы! Тәуелсіздік және біртұтастық біздің күшіміз, – дейді Лариса Котельникова.

Рух көтерер рәсімді жыл сайын үзбей тамашалайтын тұрғындар да бар екен. Қала тұрғыны Жания Құнарбаева жыл сайын балаларын ертіп, еліміздің басты құндылығын дәріптеу арқылы ұрпағын тәрбиелеуді әдетке айналдырыпты.

– Балаларым – еліміздің ертеңі. Ана ретінде олардың отансүйгіш болып өскенін, еліміздің болашағын жарқын етер тұлғаға айналғанын қалаймын. Сондықтан еліміздің рәміздерін танып-білудері үшін, тау етулері үшін осы күні жыл сайын осы жерден табыламыз, – дейді қала тұрғыны.

## ✓ АҚЖАРМА

# ӘР ЖЕТІСТІГІНЕ ҚУАНАМЫН

Болат КЕРІМБЕК,  
ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты:

– Жетісу облысы өз алдына жеке облыс болып бөлінген кезде жергілікті тұрғындардан алаңдаушылық болғаны рас. Тәуелсіздіктің алашқы жылдары тоқырауды бастан өткеріп, Жетісу аймағының тұралап қалған кезін көрген облыс халқының тағы сондай күйге түсіп қалмаймыз ба деген қорқыныш болды. Бірақ, жүйелі жұмыс пен нақты стратегияларды қолға алған Жетісу облысы өз биігінен төмендеген жоқ. Керісінше, жаңа жобалар мен экономикалық үрдістер жүзеге асып, облыстың әлеуетін одан ары өркендетуге күш салды.

Міне, одан бері 3 жыл уақыт өтті, облыс орталығы ғана емес, ауыл-аймақтар да өркендеп келеді. Әсіресе, аграрлы аймақ болғасын ауылшаруашылығына көңіл бөлініп, диқандарға қолайлы жағдай туғызды. Қант қызылшасын өсіруде рекордтық көрсеткішке қол жеткізді. Одан бөлек, әлеуметтік нысандардың бой көтеруіне баса назар аударып, қала мен елді мекендерге көрік беретін ғимараттар алыстан менмұндалап тұр. Туризм саласында да ілгерілеу басым. Табиғатымен тамсандыратын Жетісу өлкесі сырттан келетін қонақтарды бауырына басып, туристік сапарлар ұлғайды. Демалыс орындарының жағдайы жақсарып, оларға жететін жолдар жасалды. Осының барлығы білікті басшы мен іскер азаматтардың еңбегі деуге болады. Сыртта отырып, туған жердің әрбір жағымды жаңалығына қуанып отырамыз. Облысқа келген әрбір инвестор өңірдің дамуына өлшеусіз үлес қосатыны белгілі. Осы орайда аймаққа тартылған инвестиция көлемі де көңілді жеткізіледі. Міне, быыл 3 жыл толып отыр. Осы жылдар арасында Жетісу облысы қадамын қарыштантаса бір қадамға да артқа жылжыған жоқ. Туған өлкеміздің әр қадамына сәттілік тілеймін!

# БАРҒА ырза, ЖОҚҚА сабыр

Ермек КЕЛЕМСЕЙІТ,  
облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы:

– Жылдар жылжып, күндер сусын өтуде. Уақытқа тоқтам жоқ. Өткен уақыттың мәнін, маңызын арттыратын нәрсе – істелген жұмыстың нәтижесі. Құрылғанына 3 жыл толып отырған Жетісу облысы көз алдымызда түрленіп, қарқынды даму темігіне айналды. Өңірдегі әлеуметтік мәселелер өздігінен шешім тауып, күнделікті тұрмыстық тақырыптар ғана айтыла бастады.

Сөзім дәлелді болуы үшін өзім куә болған дүниелерге тоқтала кетейін. Облыс әкімі Бейбіт Исабаев Жетісу жерінің аудандарын аралап, жергілікті жұртшылықты толғандырып мәселелерді сұрастырып жүргеніне де 3 жыл. Осы қысқа кезеңнің ішінде көптеген ауылда амбулаториялық емхана, мектеп, спорт кешені, көпір, жол секілді көпшілікке қызмет ететін нысандар жаңадан салынып, пайдалануға берілді. Алғашында әрбір өңірдің тарихын, жетістігін жақсы білетін қариялар көптің қажетіне жарайтын тақырыптарды қозғайтын. Оның ішінде ауызсу, электр жарығы, автокөлік жолы, өткел, жайылымдық жер, шабындық секілді аса қажетті салалар алдымен айтылатын. Енді соңғы жылдары облыс әкімінің қабылдауына жазылған жұртшылық баспана қажеттігін алға тартатын болды.

Міне, осындай қарапайым салыстыру тетігімен қарасақ, Жетісу жеріндегі халықты жеке мәселелер ғана қарапайым салыстыру тетігімен байқауға болады. Дегенмен, өткен уақыттың нәтижелі болғанын салынған нысандармен, тұрғын үйлердің санымен есептесек, ілгерілеудің барлығын көреміз. Ендеше, барға қанағат, жоққа шүкіршілік ете білуіміз керек-ақ.

## ✓ КӨШПЕЛІ ОТЫРЫС

Әділеттік салтанат құруы үшін заң үстемдігі керек. Конституцияда көрсетілгендей, Қазақстанның басты байлығы – адам және оның денсаулығы. Заң сол адам құқығына жұмыс істеуі тиіс. Елімізде жүзеге асып жатқан демократиялық үдерістің де басты мәні осы. Жуырда Талдықорған қаласында заңның үстемдігін қамтамасыз ету және адам құқықтарын сақтау мәселелерін қалыптастырудағы басты мәселелер Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің көшпелі отырысында таразыланды.

# ЗАҢ үстемдігі – ӘДІЛЕТ қалқаны

Әуелі облыс әкімі Бейбіт Исабаев Салтанат сарайында Комитет өкілдерімен кездесті. Тараптардың кездесуінде аймақ басшысы жоғарғы палата депутаттарына елдің заңдық, құқықтық әлеуетін арттыруға қосқан үлесі үшін ризашылығын білдірді. Өңірде өткен көшпелі отырыста талқыланған мәселелер заңды қолдану тиімділігін және қолданыстағы заңнамаға қажетті өзгерістер енгізу бойынша үлкен маңызға ие екенін де жеткізді. Облыс әкімі өз сөзінде аймақта құқықтық тәртіпті сақтау, азаматтардың, соның ішінде балалардың құқығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытында атқарылған жұмыстарға қысқаша тоқталды. Мәселен, облыс мектептеріндегі «Әдеп-құқық жұмысы жөніндегі ментор» жобасы оқушылардың құқықтық тәрбиесіне оң ықпал етуде. «Жанұя» отбасын қолдау орталығы бүгінге дейін өмірлік қиын жағдайға тап болған 205 отбасыға әлеуметтік, заңдық, психологиялық қолдау көрсеткен. Аймақ басшысы, сондай-ақ, құқықтық тәртіпті сақтаудағы цифрландырудың рөлі, соның ішінде бейнекамералар орнату, ішкі істер органдарының материалдық-техникалық базасын нығайту жұмыстарын сөз етті.

Салтанат сарайында өткен Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің көшпелі отырысында сөз алған Комитет төрағасы Нұрлан Бекназаров заң үстемдігі мен адам құқықтарын қорғау қағидатын нығайтуда қоғамда құқықтық мәдениетті қалыптастыру басты рөл атқаратынын алға тартты.

– Заңның үстемдігі мен адам құқығын құрметтеу – қоғамдағы әділеттілік, теңдік пен тұрақтылық құрылатын құқықтық мемлекеттің негізгі қағидасы. Мемлекет басшысы «Құқықтық тәртіп» қағидаты құқықтық

мемлекеттің іргетасы екенін бірнеше рет атап өтті. Осы орайда қоғамда құқықтық мәдениеттің жоғары деңгейін қалыптастырудың мәні зор, – деді Нұрлан Бекназаров.

Мұнан соң спикер ҚР Парламенті Сенатының атқарған жұмысына тоқталды. Айтуынша, жоғарғы палатаның ең жоғары жетістігі қатарында «Конституциялық сот туралы» Заң, қылмыстық-процестік заңнамаға енгізілген өзгерістер, соттарды цифрландыру және азаматтардың сот төрелігіне қолжетімділігін жеңілдету бастамаларына қолдау көрсету, соттарды кадрлық қамтамасыз етуді күшейту сынды жұмыстары бар.

Артынша сөз алған облыс әкімінің орынбасары Марлен Көлбаев облыс құрылғалы атқарылған жұмыстарға, халықтың тұрмыс сапасын арттыру, экономикалық көрсеткіштерді жақсарту, адам және бала құқықтарын қалыптастыру төңірегінде тізгін тартты. Ал облыстық мәслихаттың төрағасы Гүлнар Тойлыбаева өңірдегі халық қалаулыларының көтерген жүктемесін жікке тізді. Мәселен, облыстық мәслихат ҚР Парламенті Сенатына жергілікті мемлекеттік басқару, бюджет, халықты әлеуметтік қорғау, ауылшаруашылық, ветеринария, кәсіпкерлік, сәулет және қалақұрылысы, сондай-ақ, мемлекеттік сатып алу салаларындағы заңнаманы жетілдіру бойынша 36 ұсыныс жолдаған. Мұның бәрі демократиялық үдеріс негізінде мәслихаттардың салмағын арттырғанын аңғартады.

Жиын соңында Нұрлан Бекназаров Жетісу өңірінде биліктің барлық тармағы арасындағы өзара іс-қимылда айтарлықтай тәжірибе жинақталғанын атап өтті. Бұл өңірлік мәселелерді шешуге оң әсерін тигізіп, қабылданатын шешімдердің сапасын арттырып, халықтың мемлекеттік саясатқа деген сенімін нығайта түседі.

Д. САДЫҚҰЛЫ



# ТУРИЗМ САЛАСЫ дамып келеді

**Өңірдегі туризм саласын дамытудың өзекті мәселелері облыс әкімінің орынбасары Әсет ҚАНАҒАТОВТЫҢ төрағалығымен өткен кеңейтілген кеңесте талқыланды.**

Еңлік КЕНЕБАЙ,  
«Jetisy»

Алақолде жүзу құралдарының бақылаусыз қозғалысы өз шешімін тапты. Осы мәселені реттеу үшін жалпы су пайдалану қағидалары бекітілді, онда тиісті түсініктемелер беріліп, су айдынындағы қауіпсіздік ережелерін сақтамағандарға жауапкершілік белгіленетіні көрсетілген. Көліктік бақылау инспекторларының саны және тиісінше шағын көлемді су құралдарының қатары да артпақ. Сонымен қатар, жазғы шомылу маусымы барысында көл жағалауының санитарлық жағдайына ерекше назар аударылатын болады. Алақол және Балқаш көлдеріндегі туристік шомылу маусымына дайындық, демалушылардың қауіпсіздігін, туризм нысандарына көліктің барудың қолжетімділігін және бірқатар маңызды инфрақұрылымдық жобалардың іске асырылуы барысын қамтамасыз етуге баса назар аударылды.

– *Туризм саласын дамыту Мемлекет басшысының ерекше бақылауына. Өткен жылдың қорытындысы бойынша облысқа 2 млн. турист келген. Облыс экономикасы үшін маңызды саланы өрістету Алақол және Балқаш көлдері, «Алтынмөл», «Жоңғар Алатауы» ұлттық табиғи парктары, Жетісу Алатауының тау жоталары бағыты бойынша жүзеге асады. Қызмет көрсету сапасын жақсарту және туристер үшін қолайлы жағдай жасау үшін жол және инженерлік инфрақұрылым салу бағытында бірқатар шаралар қабылданды, – деген облыс әкімінің орынбасары өңірде туризм объектілеріне көліктен жету мүмкіндіктерін дамыту жұмыстарына егжей-тегжейлі тоқталды.*

Талдықорған қаласынан Алақол жағалауына дейінгі жолды және Үшарал – Достық жолын қалпына келтіру жұмыстары толығымен аяқталды. Үшарал қаласындағы әуежайдың ұшу-қону жолағы қайта жаңартылды. Алақол бағытына Астана, Алматы, Өскемен, Семей, Қызылорда қалалары-

нан 12 пойыз қатынамақ. Лепсі – Балқаш автомобиль жолының жөндеу жұмыстары және басқа да бірқатар инфрақұрылымдық жоба бітті. Ш. Уәлиханов мұражай кешеніне реконструкция жүргізіліп, объектіге дейінгі жол жөнделсе, ұзындығы 20 шақырым «Тополевка – Жалаңаш кордоны» жолына орташа жөндеу жұмыстары жүргізілді. Республикалық бюджеттен Жетісу өлкесінің тағы бір інжу-маржаны – Бұрқанбұлақ сарқырамасына дейін жол салуға қаражат бөлінді.

Өңірде туризмді дамыту бағытында атқарылған жұмыстар мен алдағы жоспарлар туралы баяндаған облыстық кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасы басшысының орынбасары Данияр Ысқақовтың айтуынша ақилы туристік-сауықтыру қызметтерінің көлемі 60,8%-ға, ал бюджетке салық түсімдері 58,7%-ға өсті.

Электрмен үздіксіз жабдықтауды қамтамасыз ету үшін жаңа «Ақши» қосалқы стансының құрылысы жүргізілуде. Бескөлден Ақшиге дейін жоғары вольтті электр беру желілерінің құрылысы 80%-ға аяқталды. Ақшидегі кәріз-тазарту құрылыстарын салу жұмыстары басталды. Жағалауды нығайту, ұялы байланыс пен интернетті үздіксіз қамтамасыз ету мәселесі де назардан тыс қалған жоқ.

Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету, жол қозғалысы қауіпсіздігі, төтенше жағдайлардың алдын алу мәселелері бойынша облыстық полиция департаменті мен ТЖД өкілдері баяндап, курорттық аймақтарда, туристер көп жиналатын орындарда медициналық қызмет көрсету мәселесі ерекше бақылауда екенін тілге тиек етті.

«Қорғас» шекара маңы ынтымақтастығы халықаралық орталығы – облыстағы тағы бір маңызды туристік бағытқа жатады. Жазғы демалыстың басталуына орай орталыққа келушілер саны еселеп артып, оларға сапалы қызмет көрсету және қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін тиісті шаралар қабылданды.

Кездесу соңында жауапты тұлғаларға туризм объектілерінің көліктің қолжетімділігін қамтамасыз етуге және инфрақұрылымдық жобаларды іске асырудың мерзімдерін сақтау мен сапасына ерекше назар аударуға, сондай-ақ туристік объектілердің туристерді қабылдауға, жалпы шомылу маусымын өткізуге дайындығына қатысты тапсырмалар берілді.

## АКЦИЯ

**Жалпы республика көлемінде бірнеше жылдан бері ұйымдастырылып келе жатқан «Халық заңгері» бірегей акциясы Талдықорғанда да талап деңгейінде өткізілді.**

Бұл күні қаладағы «Атамекен» көрме кешенінің ғимаратына жиналған жұртшылықтың қарасы қалың болды. Кең залға қаз-қатар қойылған үстелдерге жайғасқан облыстық, қалалық прокуратура мен полицияның, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Жетісу облысы бойынша департаментінің, әділет, төтенше жағдай, салық, қаржы, жұмыспен қамту, газдандыру, құрылыс, кәсіпкерлік тәрізді көптеген салалардың жауапты қызметкерлері, адвокаттар мен нотариустар, жеке сот орындаушылар кеңес сұрай келген көпшіліктің көңілдерінен шығып, сұрақтарына жан-жақты жауап қайтаруға тырысты. Қала тұрғындарының жүздеріндегі ризашылық сезімдеріне қарап, бұл мақсат жалпы алғанда орындалған-ау деп шамалады.

Талдықорған қаласының әкімі Ернат Бәзіл де кеңес беруші мамандар қатарынан табылып, өтініш айта келген жұртшылықты бақылаумен болды. Ел тілегін еститін, жұртшылық өтінішіне құлақ асатын мемлекет дегеніміз де осы емес пе?

Жұртшылық арасында құқықтық мәдениетті қалыптастырып, олардың мемлекеттік институттарға деген сенім арттыру және құқықбұзушылықтар мен сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік сезімін қалыптастыру мақсатымен ұйымдастырылған шара барысында бірнеше қала тұрғынын сөзге тарттық.

– *Келген мәселем – Талдықорғаннан Өскеменге қарай шығатын қара жолдың бойында әуежайдан бастап талай жерге дейін бұрқылы жоқ. Облыс орталығынан Алматыға шыға берістеіге жағдай да сондай деуге болады. Содан кейін де жазатайым машина сынып қалғандай болса кейін оралуының өзі мұң болады. Қаншама жерге дейін жанармайдың, уақытыңды жұмсап, босқа жүріп қайтуыңа тура келеді. Өтінішімізді Жетісу көлік прокуратурасы орынбасары Қапас Дархан мырзаға айтып едік, мән-жайды түсіндіріп, тағы кімге жолығуымыз қажеттігін нұсқады. Осы қазір сол маманға жолықпақшы, – дейді біз сөзге тартқан Ұлбике Самалбаева мен Ермек Максұтұлы.*

## КӨП КӨНІЛІНЕН шыққан шара



Көз жанары бойынша зағиптар қоғамында есепте тұратын бұл азаматтардың сөздерінен ұйымдастырылып жатқан шараға деген ризашылықтарын байқалдық.

– *Нотариустарға өз шаруаларымызбен келгенбіз. Өзімізді толғандырып жүрген мәселенің жан-жақты жауабын естідік, бұл үшін мамандарға үлкен рахмет. Біліміз келген жайттың бәрін біліп алдық. Тіршілікке қажетті басқа да пайдалы кеңестерді көңілдерімізге нық түйдік. Өте білікті де білімді мамандар екен.*

Бұл осы Талдықорған қаласының тұрғыны Тұрсынай Мұсабекованың пікірі.

Өз кезегінде Мұсабекованы жаңа ғана қабылдап, жан-жақты кеңес берген жеке нотариус Гүлжамал Қадырованың әңгімеге тарттық.

– *Шара барысында осымен үшінші келушіні қабылдап, кеңес бердім. Мұндай шараларды жиі өткізіп тұру керек деп санаймын. Өйткені халықтың көбі заңнан жеткілікті хабары болмағандықтан күнделікті тіршілікте көп қателік жібереді. Тиісті кеңес алаған соң ғана алаңдаушылықтары басылып, көңілдері жайлауына сала береді, – деген Гүлжамал Қадырқызы келесі бір*

келушіге бет бұрып, өтінішіне зейін қойды.

Осы жерде тегін заңгерлік кеңес беру шарасының талап деңгейінде ұйымдастырылғанын тағы бір атай кетейік. Олай дейтініміз, әр маманның алдына қай салада қандай қызмет атқаратыны, аты-жөні жазылған жазба қойылған. Мұның өзі өтініш айта келген адамдарға қолайлылық тудырып, абыр-сабыр қарбаласты болдырмауға ықпал етеді. Залдың орта тұсына қойылған орындар да қарған адамдардың бір мезгіл аяқ суытып, демалып алуына мүмкіндік берді. Жұртшылық жайшылықтағыдай мекемеден мекемеге сабылмай өздерін толғандырып барлық жайтқа жауап бере алатын мамандарды осы жерден кездестіріп, өзекті мәселелерін негізінен шешіп алып жатты.

Шара осындай іскерлік, өзара түсіністік райында соңғы келушіге дейін жалғасты.

Біз де көрме кешенінен осындай тиімді шаралар жиі ұйымдастырылып тұрса жұртшылықтың талай мәселесі табан астында дерлік шешімін тауып жатар еді-ау деген оймен оралдық.

**Нүсінбай ӘБДІРАХЫМ,  
«Жетісудың» ардагер журналисі**

## ОБЛЫСТЫҚ ӘКІМДІКТЕ

# ЖАСТАР КАДР РЕЗЕРВІНЕ іріктеу басталды

**Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Жетісу облысы бойынша департаментінің басшысы, Әдеп жөніндегі кеңес төрағасы Қобылан Манап басшылық еткен жиында Президенттік жастар кадр резервіне іріктеу басталғандығы айтылды. Жиынға мемлекеттік қызметшілер, белсенді жастар қатысты.**

Гүлжан ТҮРСЫН,  
«Jetisy»



Қобылан Тоқбергенұлы жастарға Президенттік жастар кадр резерві – жастар үшін ашық және тиімді әлеуметтік саты құруға бағытталған жоба екенін жеткізді. Ол сондай-ақ, бұл шараға тек мемлекеттік қызметшілер ғана емес, барлық саладағы жас қатыса алатынын айтты. Бүгінге дейін іріктеуге 300-ден астам жетісулік жас өтініш беріп, арасында қызметке қабылданғандар бар. 50 үздік жас кадрлық резервтік тізімге енгізілді.

Айта кетерлік жайт, маусым айынан бастап, Президенттік жастар кадр резервіне кезекті іріктеуге қатысу үшін pkrzerv.gov.kz сайтында құжаттарды қабылдау басталды. Құжаттар 30 маусымға дейін қабылданады. Іріктеуге жасы 35-тен аспаған, жоғары білімі және кемінде 5 жыл еңбек өтілі бар, мемлекеттік тілді В1 деңгейінен аз білмейтін Қазақстан Республикасының азаматы қатыса алады.

Жиын төрағасы Қобылан Манаптың сөзінше, іріктеу бірнеше бағыт бойынша жүргізіледі. Атап айтсақ, әлеуметтік саясат және азаматтық қоғам, инфрақұрылым және өнеркәсіпті дамыту, сауда саясаты, экономикалық және қаржылық саясат, цифрландыру, агроөнеркәсіптік кешен, қоршаған ортаны қорғау, сыртқы саясат пен инвестиция.

Тіркеу кезінде кандидат резервке алынған жағдайда еңбек қызметін жүзеге асырғысы келетін салалық бағытты таңдауы керек. Әрбір салалық бағыт үшін резервке алу квотасы көзделеді.

Іріктеу 6 кезеңнен тұрады. Жұмыс кандидаттардың құжаттарын қабылдау, мәтіндік және сандық ақпаратпен жұмыс істеу қабілетін бағалау, ситуациялық тапсырмаларды шешу, құзыреттерді бағалау және азаматтық комиссияда кандидаттармен әңгімелесу, ұлттық комиссияның отырысы бойынша жүзеге асады. Іріктеу қорытындысының шешімімен 50 адам резервке қабылданады. Резервке алу туралы нәтижені жариялау ағымдағы жылдың 25 қазанынан кейін жоспарлануда.

## НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

**Елімізде ұлттық ауылшаруашылығы санағы басталады. 1 тамыз бен 20 қазан айы аралығында өтетін бұл санақ елдің аграрлық секторының жай-күйі туралы өзекті деректерді алуға бағытталған ауқымды статистикалық зерттеу.**

# ҰЛТТЫҚ САНАҚ ӨТЕДІ

Санақ Мемлекет басшысының тапсырмасы негізінде жүргізіледі. Іс-шара онлайн-сауалнама және үй шаруашылықтарын аралау бойынша екі кезеңде іске асады. Онлайн-кезең 1-31 тамыз аралығында sanaq.gov.kz сайтында өтеді. Онда респонденттер санақ парақтарын өз бетінше толтыра алады. 20 қыркүйектен 20 қазан айына дейін интервьюерлер онлайн сауалнамадан өтпеген үй шаруашылықтарына барады. Бұған дейін 1-30 маусым айы аралығында респонденттер тізімін нақтылау үшін өңіріміздің 5 қаласында үй шаруашылықтарын алдын ала аралау жүргізіледі.

Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте Ұлттық статистика бюросының облыс бойынша департамент басшысы Марат Буkenov мәлім етті.

– *Біз барлық азаматты санаққа белсенді қатысуға шақырамыз. Бұл жай ғана статистикалық шара емес, бұл – азық-түлік қауіпсіздігі, фермерлерді қолдау және аймақтарды дамыту шешімдерінің негізі. Тек сенімді деректер ғана тиімді*

*мемлекеттік аграрлық саясатты қалыптастыруға көмектеседі, –* дейді Марат Буранбекұлы.

Сауалнамаға өсімдік шаруашылығы, мал шаруашылығы және балық шаруашылығымен айналысатын заңды тұлғалар, жеке кәсіпкерлер, фермерлік қожалықтар қатысуы тиіс. Сондай-ақ, үй-үйді аралау кезінде жеке қосалқы шаруашылығы, бақшасы, жер учаскесі, мал ұстайтын үй шаруашылықтары туралы сұралады. Санақта аймақтағы 113 мың үй шаруашылығы мен 21 мың ауылшаруашылығы өндірушілері қамтылады деп жоспарлануда. Сауалнама өткізу үшін 200-ден аса интервьюер тартылды.

Азаматтарға ыңғайлы болу үшін ауылдық әкімдіктер мен аудандық статистика бөлімдерінде интернетке қосылған өзге-өзі қызмет көрсету аймақтары ашылады. Кеңес алу үшін азаматтар sanaq.gov.kz сайтында sanaq-mutta виртуалды көмекшісіне немесе 1446 байланыс орталығына жүгіне алады.

**А. БАЙЖҰМАҚЫЗЫ**

## ЗАҢ ЖӘНЕ ҚОҒАМ

# ТЫЙЫМ салынбайтын ШОТ

**Арнайы шот – бұл «қол сұғылмайтын» банктік шот. Оның қаражаты, қарыз бойынша мерзімі өткен берешегі болса да, үшінші тұлғалардың өндіріп алуынан толық көлемде қорғалған.**

Сот приставтары заң бойынша «арнайы» деп белгіленген шотқа тыйым салмайды. Мұндай шот бөлек ашылады. Бұл шотты әдеттегі тәсілдермен толықтыруға болмайды. Оған кейбір мемлекеттік жәрдемақылар, балаларға арналған алименттер, тұрғын үй құрылыс жинақтарының төлемдері және білім беру жинақтары салымдары ғана есептеледі. Егер адам жұмыстан шығарылса және несиесін төлей алмаса, оның шоттарына тыйым салынуы мүмкін. Сол кезде ол жұмыссыздық бойынша жәрдемақыны ала алмайды. Ал егер ол жәрдемақыны арнайы шотқа алыса, онда ол жұмыс тауып, қарыздарын жаба бастағанда дейін осы ақшаны пайдалана алады.

Ескере кететіні, қарапайым шотты қол сұғуға болмайтын шотқа айналдыруға болмайды. Егер сіз жәрдемақы немесе алиментті басқа шотқа салып жүрсіз делік. Бірақ оны қол сұғуға болмайтын шотқа алғыңыз келсе, оларды есептейтін органға хабарласып, арнайы шоттың деректемелерін көрсетуіңіз қажет. Қол сұғуға болмайтын шотты бала тууға және бала күтіміне арналған жәрдемақы, мүгедек баланы тәрбиелеп отырған ата-анаға, асырап алушыға немесе қамқоршыға төленетін, мүгедектік, асыраушысынан айырылу бойынша, көпбалалы отбасыларға арналған жәрдемақыларға, мемлекеттік базалық зейнетақы төлемі, жерлеуге арналған біржолғы төлем мақсатында ашуға болады.

Айта кетейік, алиментті есепке алу үшін шот ашқан кезде құжаттар тізіміне алиментті өндіріп алу туралы сот актісінің немесе алиментті төлеу туралы нотариалды куәландырылған келісімнің көшірмесін қосу қажет. Тұрғын үй төлемдерін тұрғын үй қатынастары туралы заңнамаға сәйкес келетін мақсаттарға есептеу үшін сол төлемдерді алушы туралы анықтама ұсыну керек.

Қол сұғуға болмайтын шотты банкке өтініш жазу арқылы немесе қосымша арқылы жабуға болады. Егер шотта ақша болса, оны банк қассасы немесе басқа шотқа аудару арқылы аласыз.

**Ернар АЗИМБАЕВ,  
Жетісу облысының жеке сот орындаушысы**

**ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНДАҒЫ ГАЗДАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ**

Жетісу облысында **3 ЖЫЛДЫҢ** ішінде:

- 64 елді мекен газмен қамтылды
- 1700-ден астам жұмыс орыны құрылды
- 42 млрд теңге инвестиция

Жетісу облысы құрылғаннан бері табиғи газбен қамтылған елді мекендердің саны **5-тен 84-ке** артты



**ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНА ЖЫЛ**

# ГАЗДАНДЫРУ – елді мекендерді жандандыру

■ Қазіргі кезде облыс тұрғындарының басым бөлігі көгілдір отынға қол жеткізді. Елді мекендерді газдандыру жұмыстары Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес жүзеге асырылуда. Жетісу облысының елді мекендерін табиғи газға қосу мәселесі маңызды міндеттердің қатарында.

Айгүл БАЙБОСЫНОВА, «Jetisay»

Қазіргі таңда аймақта «Жетісу облысын 2030 жылға дейін кешенді газдандыру» өңірлік кестесін іске асыру жұмыстары жалғасып жатыр. Бағдарлама аясында табиғи газға 358 елді мекеннің 192-сін қосу көзделуде.

Облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы басшысының орынбасары Азамат Бейсбаевтың айтуынша, Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес жыл аяқталғанша Кербұлақ ауданынан Талдықорған қаласына дейін 101, Панфилов ауданының 25, барлығы 500 мың тұрғыны бар 126 елді мекенді табиғи газбен қамтамасыз ету міндеті тұр. Осындай ауқымды іс-шаралардың нәтижесінде аймақты газдандыру деңгейі 71,4%-ға жетеді. Қазіргі таңда 84 елді мекен газдандырылған, бұл жоспарланған көрсеткіштің 58,2%-ын құрайды. Яғни, 400 мыңнан аса адам көгілдір отынға қол жеткізіп отыр. Айта кетейік, Жетісу облысы құрылғанға дейін тек 210 мың адамы бар 5 өңір немесе облыс халқының 29%-ы ғана газдандырылған болатын.

Өткен жылдың қорытындысы бойынша 63 елді мекен немесе облыс жұртшылығының 56%-ы көгілдір отынмен қамтамасыз етілді. Жыл соңына дейін қалған 42 елді мекен табиғи газға қосылады деп күтілуде.

Газдандырудың екінші кезеңінде Ақсу, Сарқан және Алакөл аудандарын көгілдір отынға қосу жоспарлануда. Бүгінгі таңда құны 131,7 млрд. теңге болатын «Талдықорған – Үшарал» магистральдық газ құбырының құрылыс жұмыстары жүргізілуде. Жобада ұзындығы 302 шақырым, 6 АГТС орнатумен магистральдық газ құбырын салу көзделген, бұл 124 мың тұрғыны бар тағы 66 елді мекенді газға қосуға мүмкіндік береді. Тапсырыс беруші – «Интергаз Орталық Азия» акционерлік қоғамы, мердігер «Asia Caspian Construction» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі. Құрылыс жұмыстары өткен жылдың тамыз айында басталған.

Қазіргі уақытта құбырдың дайындығы 97%-ды құрайды. Сонымен бірге 6 автоматтандырылған газ тарту стансысын орнату ісі басталды. Бұл жұмыстар қазан айында толық аяқталады деп күтіліп отыр. Сонымен бірге Ақсу, Сарқан және Алакөл аудандарындағы 124 мың адамы бар 66 елді мекенді газдандыру бойынша жобаларды әзірлеу жұмыстары жүруде. Сараптама қорытындысы осы жылдың қыргүйегінде шығарылады деп жоспарлануда. Жобалау ұйымы – «Қазақ Энергетика және байланыс ғылыми-зерттеу жобалау институты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, жұмыс жеке инвестициялар есебінен іске асырылады.

Жоғарыда көрсетілген жобаларды уақытылы әрі сапалы іске асырудың нәтижесінде 642 мыңнан аса облыс тұрғындары немесе жалпы халықтың 92%-ы көптен күткен көгілдір отынға қол жеткізіп, қуанышқа кенеледі. Жалпы, аймақтағы газдандыру мәселесі тұрақты бақылауда.



## ЖЫЛЫЛЫҚ пен ЖАЙЛЫЛЫҚ көзіне айналды

■ Бүгінде бүкіл жер жүзі жасыл экономикаға бет бұрып, көгілдір отынды кеңінен қолдана бастады. Бұл бағыттағы жұмыстар біздің елде де қарқынды жалғасып, ең маңызды міндеттердің қатарына енуде. Өйткені оған жылдан-жылға сұраныс артып, табиғи отынның игілігін көргісі келетіндер көбейіп келеді.

Ағайынның алғысын аймақтардағы елді мекендер көгілдір отынмен қамтамасыз етіліп, жүйелі жұмыстар атқарылуда. Елді газдандыру жобалары арқасында елді мекендерге құбырлар тартылып, экологиялық жағдай жақсарып, тұрмыстық ахуал түзеліп келеді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ауылдарды дамыту, елді мекендердің инфрақұрылымын жақсарту жөнінде міндет жүктеген еді. Бұл бағытта Жетісу облысында да жүйелі жұмыстардың жүріп жатқанынан бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік желілер арқылы күнделікті хабардар болып жүрміз. Соның ішінде Президент Қазақстандағы елді мекендерді табиғи отынмен қамту басым бағыттардың бірі екенін үнемі айтып отырады.

Газ саласының еліміз үшін де, әлемдік энергетика жүйесі үшін де маңызы зор. Қазақстан көміртегінен таза ел болуы тиіс. Табиғи газды пайдалану көмірқышқыл газ шығарындыларын төмендетіп, зиянды қоспалардың болмауына және көмір мен мазутпен салыстырғанда жоғары энергетикалық тиімділікке байланысты экологиялық жағдайды жақсартуға айтарлықтай септігін тигізбек. Яғни, бұл ауаны ластанудан сақтайды. Газға көшу қазірдің өзінде зиянды қалдықтардың ауаға таралуын бірнеше есеге азайтып жатқан көрінеді.

Ал қазіргі заманда ауаның бүлінуі экология-

лық проблемаға айналып барады. Осы орайда, еліміздің газ саласын дамытудың 2022-2026 жылдарға арналған кешенді жоспарына сәйкес 2030 жылға қарай 13,5 миллион адамды немесе халықтың 65 пайызын көгілдір отынмен қамту тапсырылған. Сондықтан, Президенттің бастамалары тікелей көрсеткіш қана емес, сонымен бірге талай жылға арналған жаһандық жоспар.

Өзіміз көріп отырғанымыздай, осы бағыттарда қолға алынатын жатқан жұмыстардың нәтижесі жаман емес. Оны жыл сайын көгілдір отынға қол жеткізіп, қуаныштарымен бөлісіп жатқан тұрғындардың көңіл-күйінен аңғаруға болады. Газ келіп, су тартылып, жолдар салынса талай адамның ауылды жерлерге тұрақтайтыны белгілі. Әсіресе, жас отбасылар. Халықтың жағдайы келіскен жерде кәсіпкерліктің өрістеп, жаңа жұмыс орындарының ашылатыны, жас мамандардың ауылға келіп, тіршілік тамырына қан жүгіретіні анық.

Өзім Талдықорған қаласы, «Жастар – 2» шағын-ауданының тұрғынымын. Көгілдір отынның игілігін көріп отырғанымызға биыл

3 жыл. Жасыратыны жоқ, газдың келуін отбасымызбен асыға күттік. Сол күнге жетіп, тарихи сәттің куәсі болғанымыздағы қуанышымызды көрсеніздер. Көршілеріміз де тілектерінің орындалғанына мәз-мәйрам болды. Газ кіргізілгенге дейін отын бұтап, көмір жағатынбыз. Жылына бірнеше тонна көмір алатынбыз. Әрине, бұл қарапайым отбасы үшін айтарлықтай шығын. Одан бөлек, қақаған аязда әр күн сайын пеш күлін шығарып, оны далаға тасып, төгу де оңай шаруа емес. Оның үстіне, көмір сапасы нашар болса, жылуы да болмайды. Мұндай жағдай берекені қашырады. Бүгінде соның бәрі көрген түс секілді. Қазір үй жылы. Бір жақсысы – жылуды қалауымызша ретке келтіріп отырамыз. Бұрын ай сайын газ-баллон сатып алып, әуре-сарсаңға түсетін едік. Ал қазір табиғи отынды қажетімізше жағып, алаңсыз өмір сүреміз. Осындай машақаттардан қолымызды босатып, халық игілігі үшін газ қосқан жандарға ризашылығымызды білдіреміз. Табиғи газ үйіміздегі жылылық пен жайлылықтың көзіне айналды.

Қалай десек те, газбен қамтуда тұтынушының сұранысын өтеу – халықтың өмір сүру сапасын жақсартудың кепілі болмақ.

Нұрбике БЕЙСЕМБАЕВА, зейнеткер



ОБЛЫС ҚҰРЫЛҒАН СӘТТЕН ӨҢІРДЕ 53 10 ОРЫНДЫ  
15 ЖАҢА МЕКТЕП ҚОЛДАНЫСҚА БЕРІЛДІ



3 ЖЫЛ ІШІНДЕ БЕЙІМДЕЛГЕН  
МЕКТЕП САНЫ 69-ДАН 39-ҒА  
ҚЫСҚАРДЫ

ЖАРКЕНТ ҚАЛАСЫНДА «ЖАЙЛЫ  
МЕКТЕП» ҰЛТТЫҚ ЖОБАСЫ  
АЯСЫНДА 1200 ОРЫНДЫҚ  
МЕКТЕП АШЫЛДЫ



ӨҢІРДЕ ҮШ ЖЫЛДА 270 ӘЛЕУМЕТТІК  
НЫСАН ЖАҢАДАН САЛЫНЫП, ЖӨНДЕЛДІ.  
НӘТИЖЕСІНДЕ БІЛІМ САЛАСЫ  
НЫСАНДАРЫНЫҢ 41,2% ЖАҢАРТЫЛДЫ



2022 жылдың жазында еліміз жаңа бетбұрыс жасап, Жетісу жеке облыс болып қайта құрылды. Бұл уақыт көп пе, аз ба? Қалай десек те 3 жыл – бүтін бір өңірдің бағытын өзгерткен кезеңге айналды. Бүгінде біз сол 3 жылдың жемісін, әсіресе әлеуметтік саладағы серпілісті бағамдамақпыз.

# ӘЛЕУМЕТТІҢ ӘЛЕУЕТІ ЗОР

Сарби ӘЙТЕНОВА,  
«Jetisy»



Жеке облыс болып құрылған кезден бастап өңірде 15 әлеуметтік нысан іске қосылды. Нақты айтсақ, Алакөл, Сарқан, Панфилов және Қаратал аудандарындағы елді мекендерде мүгедектігі бар балаларға арнаулы әлеуметтік қызмет көрсететін 30-50 орынды 4 жаңа орталық ашылды. Бұл нысандардың ашылуы мүгедектігі бар балаларын өз қаражаты есебінен Алматы, Астана қалаларына барып емдететін ата-аналар үшін өте тиімді болды. Енді ерекше балалар оңалту шараларын ешқайда бармай-ақ тұрғылықты жерінде тегін ала алады. Сондай-ақ, елімізде алғашқылардың бірі болып, 2023 жылы 18 жасқа дейінгі мүгедектігі бар балалар үшін Алакөл көлінің жағасында 40 орынды «Жансая» жазғы сауықтыру лагері ашылып, өткен жылы 142 бала ата-анасымен бірге демалса, биыл 160 бала қамтылады деп күтілген. Ал болашақта Балқаш көлінің жағалауында да осындай лагерь ашу жоспарланған.

Бұдан өзге, облысымызда алғаш рет Панфилов ауданы Жаркент қаласында «Мерей» балаларды оңалту орталығының базасында ерекше қажеттілігі бар балаларға арналған модульді «Иппотерпия» орталығы ашылды. 2023 және 2024 жылдары Панфилов, Сарқан, Алакөл, Кербұлақ, Қаратал аудандары мен Текелі қаласында «Жанұя» отбасын қолдау орталықтары бой көтерді. Биылғы жылы Ескелді, Көксу және Ақсу аудандарында ашылады деп жоспарланған. Ал Талдықорған қаласында «Жанұя» орталығы мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде қызмет атқарауда. Бұл орталықтар қызмет алушыларға экономикалық, заңгерлік, психологиялық, медициналық және әлеуметтік қызметтер ұсынады.

Ал бой көтерген 15 әлеуметтік нысанның үшеуі Талдықорған қаласында ашылды. Атап айтсақ, тірек-қимыл аппараты бұзылған мүгедектігі бар адамдарға арналған жаңа заманауи құрылғылармен жабдықталған «Асар» спорттық-оңалту орталығы; зейнеткерлік жастағы азаматтарға сапалы қызмет көрсету мақсатында ашылған «Белсенді ұзақ өмір сүру орталығы» және «Қазақстан халқына» қорымен бірлескен аутизм және басқа да ақыл-ой кемістігі бар балаларға арналған орталық. Бұл мекемелерге жүгінетіндер әлеуметтік қызметтің барлық түрін алуда. Сонымен қатар, Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес 2025 жылы Талдықорған қаласында 150 орынды мүгедектігі бар адамдарға арналған оңалту құрылысы басталмақ. Құны 8,8 млрд. теңге болатын нысанды салу үшін конкурс құжаттары әзірленуде. Жоспарға сәйкес жана нысан 2026 жылдың соңына дейін аяқталып, іске қосылуы тиіс.

\*\*\*

Талдықорған қаласында 25 мыңға жуық зейнеткер тұрады. Осы орайда облыс әкімі Б. Исабаевтың тапсырмасы бойынша ашылған қаладағы зейнет жасындағы адамдар үшін «Белсенді ұзақ өмір сүру орталығы» өткен жылдың қаңтарынан бері жұмыс істеп келеді. Ашылғалы бір жарым жылдай уақыт өткен орталықтың қазіргі тыныс-тіршілігінен хабардар етуде мекемеге арнайы барып, онда еңбек етіп жүрген кызметкерлер мен келушілерге жолығып, тілдесіп қайтқан едік. Мекеме басшысы Әсет Оразбекұлының айтуынша, қазіргі

таңда орталыққа мыңға жуық зейнеткер тіркеліп үлгерген. Оның ішінде қалаға жақын аудан, ауылдардан келетіндер де бар. Күніне 250-ге жуық адам келеді.

– Мұндай орталық қалада бұрын да болған, бірақ оның жұмысын жүргізіп, дамыту үшін қоғамдық ұйымдар арасында конкурс ойнатылатын. Енді орталық коммуналдық мемлекеттік мекеме форматында қайта ашылып отыр. Орталықта қаржылық және компьютерлік сауаттылық, ағылшын тілі, қазақ тілі, би үйірмесі, йога, вокал, шахмат-дойбы, үстел теннисі бойынша сабақтар жүргізіледі, скандинавиялық жүру ұйымдастырылады. Күнде таңертең келушілеріміздің қаладағы «Жеңіс», «Ардагерлер» саябағына барып, табиғат аясында демалып қайтуына да жағдай қарастырылған. Аптасына екі мәрте орталық жүзу бассейніне, сонымен қатар «Жастар» спорт кешеніне бильярд ойнауға да барады. Келушілердің ең үлкені 80 жастан асқан. Ал қызмет түрі олардың сұранысы мен қызығушылығына қарай көрсетіледі. Қазіргі таңда 30-дай қызметкер жұмыспен қамтылған. Бүгінде орталық қызметін тұтынушылар саны артты. Дейтұрғанмен, жаз мезгілінде келушілер саны қыстағыдай емес, саябырсыды. Өткен жылы жазда зейнеткерлерімізді өңірдегі киелі жерлерге апарып, аралатқан едік. Биыл да осы үрдісті қолға аламыз деген ойдамын. Қызметтер тегін көрсететін Желтоқсан көшесі, 59-үй мекенжайында орын тепкен орталыққа қаладағы зейнет жасындағы кез келген тұрғын келе алады. Келушілер жекебасын куәландыратын құжат пен зейнеткердің жеке куәлігін көрсетуі тиіс, – дейді мекеме басшысы Ә. Оразбекұлы.

Белсенді өмір сүрудің зейнеткерлерге тигізер пайдасы зор десек, орталық қызметкерлері де өз жұмысын мінсіз атқарып келеді. Орталықтағы дәрігер күнде таңертең келушілердің қан қысымын өлшеп, арнайы журналға тіркейді.

Медицина саласында 40 жылға жуық жұмыс істеген Гүлнәр Абаева орталық ашылғалы еңбек етіп келеді. Айтуынша, зейнет жасындағылар белсенді өмір салтын ұстануы үшін барлық жағдай қарастырылған. Алғаш келген кезде олардың жасы мен денсаулығына қарай қандай қызмет түрін алуы керек екенін анықтайды. Келушілердің физикалық қана емес, ақыл-ойының үздіксіз дамуына да барынша ден қойылған.


– Жас келген сайын, бәрі болмаса да адамдардың басым бөлігінің бойында ұмытшақтық пайда болатыны белгілі. Сол үшін олардың психикалық белсенділігін арттыруда қазақ тілі, ағылшын тілін оқу мен миды жұмыс істететін шахмат пен дойбы ойынын ойнауы да маңызды зор. Орталықта осы қызмет түріне ерекше ден қойылған. Ән салып, би билеп, жаттығулар жасау арқылы өмір сүруге деген ынтасы артқан олар қатары қалың. Жалғызбасты адамдар үшін дос тауып сырласуына, белсенді өмір салтын ұстауға да тиімді. Мұнда келіп ауруын ұмытып, қалыпты өмірге қайтқандардың қарасы көп. Сонымен қатар, қан қысымы реттелгендер де баришылық. Келушілер арасында құдды бір жұмысқа келгендей таңнан кешке дейін жүретін зейнеткерлер де бар. Негізі күн сайын қалмай келетіндер үшін (денсаулығына қарай) массаж кабинетіне арнайы бонус беріледі. Зейнет жасындағы адамдардың өмір сүру салтын қалыпта ұстауда осындай орталықтардың ашылғаны көңіл қуантады, – дейді дәрігер Гүлнәр Бәкірқызы.

Қазақ тілінен сабақ беретін Сәуле Арнайқызы да орталық ашылғалы еңбек етіп келеді. Бала оқытып, өмірін ұстаздық жолға арнаған ол зейнеткерлікке шықса да үйде отырмай, бойындағы білімін орталыққа келушілермен бөлісуде.

– Зейнеткерлікке шықсам да қазақ тілінен сабақ беріп жүргеніме қуанамын. Орталықтағы мемлекеттік тілді үйренсем, білсем дейтіндер қатары 70 пен 75 жастың аралығындағы адамдар. Екі топ бар: бастаушы және жалғастырушы. Екі топ та 10 шақты адамнан. Қазір жаз мезгілі болғандықтан келушілер саны саябырсыды. Күзге қарай адам саны толығымен. Аптасына бес мәрте сабақ өткіземін. Сабақ барысында мемлекеттік тілді түсініп қаң емес, сөйлей бастағандары да бар, – дейді С. Арнайқызы.

Жетісу облысы қайта құрылғанда жұрт көкейінде «Бұл өзгеріс не береді?» деген заңды сауал туындағаны рас. Дейтұрғанмен, бүгінде бұл сұрақтың жауабы нақты істермен айшықталды. Өңірде ашылған әр жаңа нысан соның айқын дәлелі.

ЖЕТИСУ  
ОБЛЫСЫНА  
ЖЫП



ЖЕТИСУ ОБЛЫСЫ ҚҰРЫЛҒАН СӘТТЕН  
81 ЕЛДІ МЕКЕН МЕДИЦИНАЛЫҚ-САНИТАРЛЫҚ  
АЛҒАШҚЫ КӨМЕКПЕН ҚАМТЫЛДЫ



## ДЕНСАУЛЫҚ – зор байлық

Облыс қайта құрылғаннан бері 81 елді мекенге жаңа емхана тұрғызылып, дәрігер тапшылығы 20,3%-ға төмендеді.

Атап айтқанда, Кербұлақ ауданының Сарыөзек ауылында 250 орынға арналған емхана, Көксу ауданының Ақшатаған, Еңбекшіқазақ ауылдарында, Алакөл ауданының Қамысқала ауылында, Панфилов ауданының Шежін ауылында 4 фельдшерлік-акушерлік пункт, Ақсу ауданы Сағабүйен ауылында дәрігерлік амбулатория, Алтынарық ауылында медпункт салынды.

Сонымен қатар, 58 блок-модульді кешен орнатылды. Оған қоса «Ауылдағы денсаулық сақтауды жаңғырту» жобасы шеңберінде 15 нысанның құрылысы аяқталып, тағы 44-інің құрылысы жалғасуда. Өткен үш жылдың ішінде 7 нысанға күрделі жөндеу жүргізілсе, биыл тағы жетеуі күрделі жөндеуден өткізіледі.

Г. МҰҚАШҚЫЗЫ

## ИППОТЕРАПИЯ – тиімді әдіс

«Мерей» балалар оңалту орталығы КММ-сі қазіргі уақытта 40 мүмкіндігі шектеулі баланы арнаулы әлеуметтік қызметтермен қамтамасыз етіп отыр.

Оңалтудың кешенді әрі нәтижелі болуы үшін орталық базасында ерекше қажеттілігі бар балаларға арналған модульді «Иппотерапия» орталығы ашылды. Жылқыға міну әдісін қосуды жоспарлап, тірек-қимыл аппараты бұзылған, жеңіл түрдегі психо-неврологиялық ауытқуы бар 30 балаға атпен емдеу әдісін пайдалану мүмкіндігі жасалды.

Ерекше балалар мінетіндіктен жылқының үрікпейтін, ерсі мінез танытпайтын жуас болуы қатаң қадағаланады. Жаркент қаласына жақын маңға орналасқан «Дарабоз» ЖШҚ-нан келісім-шартпен аптасына 3 күн жуас жылқы әкелінеді. Оны шаруашылық малшысы мініп келіп, орталық есебінен Өскемен қаласына арнайы жіберіліп, тәжірибесі мен біліктілігін арттырып келген нұсқаушылар Сағи Нұсіпбеков пен Ғалымжан Сахаев жылқышымен бірге мүмкіндігі шектеулі балаларды күн сайын бір мезгілде жаттықтырады.

Атпен емдеу әдісі – тірек-қимыл аппаратының бұзылуы, атеросклероз, бас-сүйек жарاقاتы, полиомиелит, асқа-

зан-ішек аурулары, простатит, ақыл-ой жетіспеушілігі сынды дерттерге шипа.

– Жаттығуға арнайы жылқыларды таңдап аламыз. Орталыққа келетін балалардың барлығы медициналық тексеруден өтеді. Себебі, аурудың түріне байланысты оңалту әдісінің кері әсері болмауы тиіс. Мәселен, кейбір сырқат түрлері бойынша балаларды атқа мінгізуге болмайды. Сондықтан балалар алдымен дәрігердің қарауынан өтеді. Сондай-ақ, біліктілігін арттырып келген, жоғары білімді иппотерапия нұсқаушысы қызмет етеді, – дейді «Мерей» оңалту орталығының директоры Гүлназ Қыбраева.

Айтуынша, «Емі жок» деген сал ауруын да жеңуге болады.

– Медицинаның соңғы жаңалықтары дәрі-дәрмектің, заманауи құрылғылардың сан түрін ұсынауда. Бірақ дамыған медицина ешқашан халықтық медицинадан алшақ кеткен емес. Әртүрлі шөптермен, табиғи минералды сулармен емдейтін халықтық медицина адамды жануарлармен де емдейтін әдістің бар екенін көрсеткіміз келеді.

Жылқы терапиясын қолданғаннан бері орталықтан 2 мүмкіндігі шектеулі бала сырқаты жеңілдеп жалпы білім беру мекемесіне, 1 бала балабақшаға ауысқан.

Мырзағали НҮРСЕЙІТ  
Панфилов ауданы



Гүлсара БИЖАҚЫПОВА,  
орталықтың белсенді мүшесі:

– Жасым 78-де. Орталық ашылғалы бері келемін. Көрсетілетін қызмет түрі бойынша скандинавиялық жүріс, массаж кабинетіне барамын, велосипед тебемін. Аптаның бес күнін орталықта өткіземін. Осындай жаңа жайлы орынның ашылғанына қуаныштымын. Мұнда қызмет ететін мамандарға айтар алғысым шексіз. Денсаулығым да жақсарып қалды. Біз секілді жандарға көп нәрсенің қажеті жоқ қой. Осының өзіне дән ризамыз.



Дамыған мемлекеттердің жарқын болашаққа деген оң қадамы экономикалық-әлеуметтік тұрғыда жасалған жарқын ісіне ғана емес, елінің мәдениетіне, рухани болмысы мен ұлттық ұстынына, қоғам алдындағы бет-беделіне байланысты. Әсіресе, мәдениеті мен елдік мұратына тікелей қатысты. Бұл жағынан алғанда елімізде өскелең ұрпақты елжандылыққа баулып, патриоттық сезімін шыңдау, бабалардан жеткен бай мұраны көздің қарашығындай сақтаудың жолы мәуелі мәдениетке деген қамқорлыққа тікелей байланысты. Ал бұл орайда мәдениетімізді асқақтату тұрғысында лайықты жұмыс істеліп келеді.

# ЕЛ МӘЙЕГІ – МӘДЕНИЕТ

Асыл СҰЛТАНҒАЗЫ,  
«Jetisy»



3 жылдың ішінде әр саланың тамырына қан жүрді десек, соның ішінде 7 ауылдық Мәдениет үйі күрделі жөндеуден өткенін айшықтағымыз келеді.

Илияс Жансүгіров: «Өз елі өз ерлерін ескермесе, ел тегі қайдан алсын кеменгерді» деп жырлағандай, ел үшін еселі еңбек еткен талант-тақсырлары да Жетісу жерінде лайықты дәріптеліп келеді. Мәселен, облыс құрылғалы бері тұғырлы тұлғалардың бейнесін мәңгілікке ұлт жадында қалдыру мақсатында игілікті істер жасалды. Ұлт перзенттеріне ескерткіштер қойылды. Атап айтсақ, облыс орталығы Талдықорған қаласында ұлы Абай мен Халық суретшісі Әбілхан Қастеевке ескерткіш, Халық әртісі Бикен Римованың және екі

мәрте Социалистік Еңбек Ері Нұрмолда Алдабергеновтің бюсті қойылды.

Облыс тарихында тұңғыш рет эстрадалық-симфониялық оркестр құрылды. Кербұлақ ауданында Шоқан Уәлихановтың «Алтынмел» мемориалды кешеніне күрделі жөндеу өтті.

Биылғы Мәдениет және өнер қызметкерлері күнінде Қазақстан Республикасы Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Бикен Римова атындағы драма театрына 50 жылдық мерейтойына орай академиялық мәртебе беруді ұсынды.

Міне, осындай игілікті істерден бөлек, облыс құрылғаннан бері мәдениет, архив саласының штат саны 200 бірлікке артып, 2300 адамнан асты, бюджеті 83%-ға өсті. Ал саланың инфрақұрылымын жаңарту 40%-ға жетті.

Айта кетерлігі, биыл 9 Мәдениет үйінің, 1 аудандық кітапхананың құрылысы жүргізіліп, 2 ауылдық Мәдениет үйлеріне күрделі жөндеу жүргізілуде.

**ЖЫЛ СОҒЫНА ДЕЙІН КЕЛЕСІ АУЫЛДАРДА 1200 ОРЫНДЫ ЖАҢА МЕКТЕПТЕР ҚОЛДАНЫСҚА БЕРІЛЕДІ:**

- АЛАКӨЛ АУДАНЫ ДОСТЫҚ АУЫЛЫНДА
- АҚСУ АУДАНЫ КӨЛТАБАН АУЫЛЫНДА
- ПАНФИЛОВ АУДАНЫ ТАЛДЫ АУЫЛЫНДА
- КЕРБҰЛАҚ АУДАНЫ КӨКСАЙ АУЫЛЫНДА



**ОБЛЫСТАҒЫ ЖАҢА МЕКТЕП ҚҰРЫЛЫСТАРЫНА ЕЛ ПРЕЗИДЕНТІ ОҢ БАҒА БЕРДІ. ҮЛГІ РЕТІНДЕ ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАСЫ, ЫНТЫМАҚ АУЫЛЫНДАҒЫ №30 МЕКТЕП АТАЛДЫ**

**ОБЛЫСТА "ӘДЕП-ҚҰҚЫҚ ЖҰМЫСЫ ӨНІНДЕГІ МЕНТОР ЖОБАСЫ" ҚОЛҒА АЛЫНЫП, 9 БАҒЫТ БОЙЫНША 108 МЕНТОР ЖҰМЫС ІСТЕЙДІ**



## БАСТЫ байлық – БІЛІМ

Кез келген ұлттың ең басты құндылығы – адам және оның жарқын болашағы мен бостандығы. Бұл еліміздің Ата Заңында да айшықты бедерленген. Бүгінгі таңда дамыған елдермен тереземіз тең болу үшін еркіндік пен елжандылықтан бөлек, еңбекқорлық пен білімді ұлт қатарында болу деген негізгі қажеттілік туындап тұр. Бұл орайда өскелең ұрпақтың білім алып, тәрбиелініп таза шырынымен қанып өсуі үшін барынша жағдай жасалған. Ал, білім саласында облыс құрылғалы бері жарқын істер қолға алынып, жаңа нысандар салынууда.

Аймақта соңғы жылдары әлеуметтік инфрақұрылымның жағдайы жақсарды. Мәселен, облыс құрылғаннан бері өңірде әлеуметтік инфрақұрылымдардың жай-күйі едәуір жақсартылып, әлеуметтік нысандарды жаңарту 52%-ға жетті. Осы орайда білім саласы бойынша 15 жаңа мектеп салынып, іске қосылды. Соның нәтижесінде бейімделген мектептер саны 69-дан 39-ға дейін қысқарды. Ал, биыл 1080 орынды 4 мектеп пайдалануға беріледі деп жоспарлануда.

Кейбір өңірлердегідей емес, жалпы Жетісу жерінде бүгінгі таңда ұшауысымды мектеп жоқ. Қуанарлығы сол, заманауи материалдық-техникалық базамен жабдықталған жаңа мектеп салу кезең-кезеңімен жүзеге асырылуда. Бұл орайда облыс құрылғалы бері 5310 орынды 15 мектеп жаңадан салынды. Атап айтқанда, Ақсу, Сарқан, Қаратал аудандары мен Талдықорған қаласында 2 мектептен, Көксу ауданында 3 мектеп, Панфилов ауданында 4 мектеп тұрғызылды. Оның ішінде Жаркент қаласындағы «Жайлы мектеп» ұлттық жобасымен салынған 1200 орынды мектеп те бар.

Жыл басында білім саласы туралы атап өткеніміздей, биыл 13 білім беру нысанының құрылысы жүргізіледі деп көзделген. Жыл соңына дейін Алакөл ауданы Достық ауылында «Жайлы мектеп» жобасымен, сол сияқты Ақсу ауданы Көлтабан ауылында, Панфилов ауданы Лесновка ауылында, Кербұлақ ауданы Көксай ауылында жалпы саны 1080 орынды 4 жаңа мектеп іске қосылады.

Айта кетерлігі, өңірлердегі жаңа мектеп құрылысына ел Президенті оң баға беріп, Талдықорғандағы Ынтымақ ауылындағы мектепті үлгі ретінде атап көрсеткен болатын.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі берген мәліметке сүйенсек, өңірде 3 жылда 270 әлеуметтік нысан жаңадан салынып, жөнделген. Нәтижесінде білім саласы нысандарын жаңарту 41,2%-ға жеткен.

Білім саласының материалдық-техникалық базасын жақсартумен қатар оқушылардың тәрбиесіне де ерекше мән беріліп отыр. Облыс әкімінің бастамасымен өңірде «Әдеп-құқық жұмысы жөніндегі ментор жобасы» қолға алынып, бүгінде мектептерде 108 ментор жұмыс істейді. Олар балалар мен жасөспірімдердің құқықтары мен міндеттері, напқақорлық пен лудоманияның, буллинг пен кибербуллингтің, саламатты өмір салты, мамандық таңдау және кәсіптік бағдарлау, креативті ойлау, қаржылық сауаттылық сияқты 9 бағытта тәрбие жұмысын жүргізіп отыр. Соның нәтижесінде 2023-2024 оқу жылының қорытындысы бойынша, облыстық полиция департаментінің дерегіне сәйкес Панфилов ауданында жасөспірімдер қылмысы 4,4 есеге, Талдықорған қаласы аумағында 4,3 есеге дейін төмендеген.

Биыл аймақ бойынша 131 675 оқушы оқу жылын тамамдады. Оны ішінде, 11-сыныпты 7 866 түлек аяқтады. Жалпы өңір бойынша мектеп бітірген түлектің 472-сі «Алтын белгі» төсбелгісіне, 711-і Үздік аттестатқа үміткер.

АРДА БИ

## ӨНЕРІ өрісті Өңір

Құндылық – әр адам баласын өткенге өнегемен қарап, ертеңге сеніммен көз тастауға жетелейтін асыл дүние. Ал осы құндылықтың алдына «ұлттық» деген сөзді қоссаң, бүкіл тарихың мен шежірең, еліңнің асыл мұраты мен мәдениеті, руханияты, бабалардың асқақ ойлары санаңда жаңғырады. Бұл орайда Қазақстанның халық жазушысы Бексұлтан Нұржанұлының «Өзендермен өрнектелген өлке» кітабына арқау болған Жетісу жерінде біз атаған құндылықтың қайнары болған мәдениет саласында көптеген игілікті іс атқарылуда.

Алдымен қазақ халқының «өткенді танымай, болашақты бағдарлау қиын», – деп тәмілдегеніндей, тарихымызды танып, бабалар ізіне құрметпен қарамай мәдениет пен әдебиетіміз жайлы лайықты толғана алмаймыз. Өскелең ұрпақты білім мен тәрбиенің таза шырынымен өсіріп, олардың бойына ұлттық құндылықтың дәнегін еге алмаймыз. Шүкір, Жетісу жерінде абыздарды ардақтап, тарлан тұлғаларды дәріптеу, олардың өмірінен өнеге тарату лайықты деңгейде ұйымдастырылып келеді.

Қазақ әдебиетінің көрнекті жазушысы, детектив жанрының негізін қалаған Кемел Тоқаевтың ғасыр тойы өзі туған қасиетті өлкеде ерекше аталып өтті. Ұлан-асыр той болып, қазақша күрестен құрлықтық жарыс өткен бұл тойда детектив жанры бойынша әдеби бәйге ұйымдастырылды. Қаламгердің өмірі мен шығармашылығы кеңінен насихатталды. Сол секілді қазақ кино және театр өнерінің жұлдызы болған Халық әртісі Бикен Римованың 100 жылдық мерейтойы халықаралық дәрежеде тойланып, «BIKEN» халықаралық театрлар фестивалі бастау алды. Сол уақытта театрда ғажайып актрисаның бюсті қойылды.

Ел тұлғаларына ескерткіш қою, олардың мұрасын жас ұрпаққа таныту жолында, мәдениетіміздің мәртебесін көтеру бағытында жасалған істер қатарына ұлы Абайдың ескерткішін Би апа театрының алдына орнату бар. Бұдан рух асқақтады, мерей өсті. Сол секілді Халық суретшісі Әбілхан Қастеевке облыс орталығында ескерткіш орнатылса, Жаркентте бюст қойылды. Қылқаламның шебері болған дарын иесінің 120 жылдық мерейтойы ел көлемінде аталып өтілді. Екі мәрте Социалистік Еңбек Ері Нұрмолда Алдабергеновтің бюсті қойылса, күні кеше классик Әнуар Әлімжановтың 95 жылдық мерейтойы ел көлемінде аталып өтілді.

Міне, осындай бабалардың рухын асқақтатып, өмірінен өнеге таратқан рухани шаралар, игілікті істер өз дәрежесінде атқарылып келеді. Мәдени нысандар орнатылып, тарихи жерлер жаңғыруда. Облыс құрылғалы мәуелі мәдениетімізде дәл осындай рухани жұмыс жасалғанына марқайып, өнері өрісті өңірдің келер кезеңі де жақсылыққа толы болады деп сенемін.

**Қайрат АБЫЛҚАСЫМОВ,**  
облыстық халық шығармашылығы  
орталығы басшысының орынбасары



✓ АУЫЛДАСТЫҢ АЛҒЫСЫ

## ЖАНҒА жайлы ЕМХАНА

Көп жылдан бері Жамбыл ауылында тұрамын. Балаларым да осы жерде дүниеге келді. Мұндағы емхана дәрігерлері тұрғындардың уақытында екеп алып, скринингке баруын қадағалайды. Барсаң барынша ілтипатпен жауап беріп, сырқатыңнан айығуыңа жәрдемдеседі. «Аурудың емі – саудың сәлемі» деген емес пе?! «Тәте, жазыласыз, жақсы боласыз» десе соған қуанамыз.

Емін уақытында алып, алдағы жақсы күнге үміттенеміз. Бірнеше жылдан бері қан қысымын көтеріліп, салдарынан басым айналатынды шығарды. Жүрек-қантамырларында тромбы пайда болып, жүрегіме ота жасалды. «Жедел жәрдем» жиі шақырамын. Сонда ауыл дәрігерлері дәрісін беріп, қан қысымым қалпына келгенше қасымда болады. Бірақ, елді мекен емханасы әбден ескірген еді. Жылыту да қиындық тудыратын. Іші қаракөлеңке болып тұратын.

Бүгінде ауылға жаңа фельдшерлік-акушерлік пункт тұрғызылды. Тұрғындардың ем алуына жайлы жағдай жасалды. Барлық құрал-жабдық сатып алынды. Екпе жасайтын арнайы бөлме бар. Әйелдер мен балаларға арналған тексеру кабинеттері жабдықталды. Жарық, жылы мекеме қаланың емдеу орнынан бір кем емес.

Елді мекенде 1000-ға тарта тұрғын бар. Дәрігер Хамида Токтағұл 15-16 жыл бір жерде жұмыс істейді. Біздің ағамыз, елдің көңілінен шыға



білген абзал жан. Фельдшерлер Жанна Қызыбайева мен Ылғар Қызырқазықызы өз ісінің білгір мамандары. Күн-түн дамыл көрмей қызмет етеді. Акушер Дильназ Сатқанғұл көптеген баланың кіндік анасы. Тазалықшы Анархан Аялбергенованың да еңбегі зор. Ол фельдшерлік-акушерлік пунктте 20 жылға жуық талмай еңбек етіп келеді. Жаңа емхана салынғалы қызмет

көрсету сапасы жақсарды. Себебі, ем жасау үшін дәрігерлерге де жағдай жасалды. Заманға сай жабдықталды. Ауыл тұрғындарына осындай жағдай жасап жатқан әкімдікке, медицина саласының мамандарына айтар алғысымыз шексіз.

**Тамара ҚАСЫМОВА**  
Көксу ауданы

ЖЕТИСУ  
ОБЛЫСЫНА  
ЖЫЛҚұрылысы  
қарқынды,  
тұрғыны бақыттыБАЛАЛАР ЖӘНЕ  
СПОРТ АЛАҢДАРЫЖЕТИСУ  
ОБЛЫСЫНА  
ЖЫЛ197 алаң  
абаттандырылды76 жаңа алаң  
биыл  
абаттандырылады

■ Жетісу облысы өз алдына облыс болып жеке құрылғанды да құрылыстың қарқыны бір сәт тоқтаған жоқ. Облыс, аудан орталығынан бөлек, шалғай ауылдарда заманауи кешендер бой көтеріп, түрлі нысан салынып, еңселі үйлер пайдалануға беріліп келеді.

Үй кезегін азайту мақсатында түрлі жоспар қолға алынып, шетінен орындалып жатыр. Осы орайда облыстық құрылыс басқармасының кейінгі 3 жылда өңіріміздегі құрылыс деңгейінің көрсеткіші жайлы ақпаратына сүйенсек, көңіл қуанады. Құрылыс басқармасына қарасты жоспарлау, жобалау, тұрғын үй нысандарының және инженерлік коммуникациялық желілерінің құрылыс бөлімінің бас маманы Маржан Дәулетқызы: «Облысымызда 2022-2024 жылдары 295 үй (4994 пәтер) берілді. 218 үй бюджеттен, 55 үй коммерциялық тұрғын үй, 22 үй демеушілер есебінен салынса, 873 пәтер сатып алу бойынша жүзеге асты», – деді.

Қиыр жайлап, шет қонған елді мекендерде де заманауи амбулатория, спорт кешені, Мәдениет үйі бой көтеріп, халыққа қызмет көрсетуде. Ал тұрғындар үйлі болып, жыл сайын үйсіздер саны азайып

келеді. Тарқата жазсақ, 2022 жылы 280 пәтерлі 55 үй бюджет есебінен, ал 2023 жылы 1417 пәтерлі 42 үй бюджеттен бөлінген қаржыға, несие жүйесімен 1057 пәтерлі 24 үй, жалдамалы жүйе бойынша 360 пәтері бар 18 үй пайдалануға берілсе, бытыр бюджет арқылы 865 пәтері бар 122 үй, несиемен 498 пәтерлі 11 үй, жалдамалы жүйе арқылы 367 пәтерлі 111 үй салынып, халыққа кілті табысталды. Байқасаңыз, жыл санап құрылыстың қарқыны артқан және оған қойылатын талап-міндет өзгерген. Сапалы үймен қамтамасыз ету мақсатында көптеген міндет ойдағыдай жүзеге асып жатыр. Құрылыс басқармасындағы қызметкерлер талай нысанның жобасы әзірленіп, бекітіліп жатқанын айтты. Облыс болып өз алдына құрылған өңірдегі қала-ауылдардың да аумағы кеңіп, көзтартар үйлер мен зәулім ғимараттар салынууда.

Қали АСҚАР

ШАЛҒАЙ АУЫЛ  
ШАТТЫҒЫ

■ Бұқаралық спорт – байрақты бәсекеде ел абыройын асқақтатын сиқырлы өнердің іргетасы. Спорттың қай түрі болмасын адам денсаулығының жетілуіне, рухани дамуына ықпал етері сөзсіз. Осыған орай ауылдарда қаншама дене шынықтыру-сауықтыру кешендері, ойын алаңдары салынып жатыр. Әсіресе соңғы 3 жылда алыстағы ауыл балаларына арналған жаңа ғимараттардың құрылысы қарқынды.

● АҒАЙЫННЫҢ АЛҒЫСЫ

Әуелі тау көтерген толағайлар, күрзі жұдырлықты бокшылар, желмен жарысқан желаяқ, құлжаның сақасындай кесек бітімді балуандар қайдан шыққанын ойланайықшы? Әрине, ауылдан. Біздің заманда сол ауылдағы балаларға тиісті деңгейде жағдай жасалды ма? Жоқ. Өкінішке қарай, ол кезде ауыл спортында арман көп еді. Қазір облыста бұқаралық спортты дамытуға, соның ішінде шалғай аудандар мен ауылдарға ерекше көңіл бөлінуде.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев: «Спорт – денсаулық кепілі. Қайталап айтамын, бұқаралық балалар спортына барлық жағдайды жасау қажет. Облыс әкімдері спорттық инфрақұрылымдардың құрылысын кезек-кезеңмен жүзеге асырулары тиіс, – деген еді.

Ел Президентінің тапсырмасына сәйкес әр өңірде Спорт сарайлары бой көтеруде. Әсіресе Жетісу облысы құрылғалы шалғай ауыл тұрғындарының

Қазір қалаға ғана емес, ауылға да барып қалаған спорт түрі-шілғай ауыл мен айналысуыңызға болады. Облыс құрылғалы әр өңірде 30 спорт нысаны салынды. Атап айтқанда 2022-2024 жылдар аралығында елді мекендерде 3 дене шынықтыру-сауықтыру кешені, 7 спорт кешені, 2 күрес залы, 10 блокты-модульді спорт кешені, 2 футбол манежі, 2 ангар үлгісіндегі спорт кешені, мұз аренасы, стадион, спортшыларға арналған тұрғын үй, үстел теннисі, волейбол орталығы салынды.

Көксу, Сарқан аудандары мен Талдықорған

көңілі шат. Мәселен, біздің Көпбірлік ауылының балалары бұрын аудан орталығындағы спортшыларға қызыға қарайтын еді. Жаттығатын орын болмаған соң бапкер стадиондарға де келмейтін. Қазір балалар жаңа спорттық күрделі жөндеу жүргізілді. Текелі нысанда дайындалады. Мұнда қажетті ашылған дене шынықтыру-сауықтыру кешені қазіргі кезде жемісті жұмыс істеп тұр, мұндай кешен тіпті облыс орталығында жоқ.

Алакөл ауданы Лепсі ауылында 160 орынды дене шынықтыру-сауықтыру орны мен жатақхананың құрылысы жүргізілуде. Қабанбай ауылына 80 орынды спорттық кешен тұрғызылды. Талдықорғанда көркем гимнастикаға арналған залдың құрылысы басталды. Биыл Қаратал ауданы Кәліпе ауылында инвестор есебінен блокты-модульді үстел теннисі кешені салына бастады. Сонымен қатар, Қаратал ауданындағы

Алмалы, Кербұлақ ауданындағы Қарашоқы және

қаласындағы спортшыларға қызыға қарайтын еді. Жаттығатын орын болмаған соң бапкер стадиондарға де келмейтін. Қазір балалар жаңа спорттық күрделі жөндеу жүргізілді. Текелі нысанда дайындалады. Мұнда қажетті ашылған дене шынықтыру-сауықтыру кешені қазіргі кезде жемісті жұмыс істеп тұр, мұндай кешен тіпті облыс орталығында жоқ.



құралдармен жабдықталған күрес, тренажер және ойын залдары бар. Жаңа блокты-модульдік спорт кешені заманауи құралдармен жабдықталған. Онда дзюдо күресі, волейбол, баскетбол сияқты спорттың әр түрінен секция ашылды. Білікті бапкерлер ауыл балаларына түрлі үйірмелер ашып жаттықтыруда.

Ауылға көңіл бөліп, спорттық нысандар, емханалар мен Мәдениет үйлерін салып беріп жатқан облыс басшысына мың алғыс.

Мақсат ТӨЛЕГЕНОВ,  
Көпбірлік спорт кешенінің менгерушісі

Қаратал ауданы

Айдар ҚАЛИЕВ,  
«Jetisy»

Сарыбастау, Көксу ауданындағы Талапты ауылында блокты-модульді спорт кешендерін салу жоспарлануда. Облыста 3 спорттық нысанды салуға жергілікті бюджеттен қаржы бөлінді.

2022 жылдан бері бокс және дзюдо бойынша олимпиада резервінің мамандандырылған балалар мен жасөспірімдер спорт мектептері, олимпиадалық, олимпиадалық емес спорт түрлерінен жоғары спорт шеберлігі мектептері, волейбол, хоккей ұлттық спорт түрлерінен клубтар ашылды.


Қысқы спорт түрлерін дамыту мақсатында 2024 жылдың басынан Тал-

■ Бұқаралық спортты дамыту және халықты белсенді түрде спортқа тарту мемлекеттің басты басымдығының бірі. Президент Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ: «Бұқаралық және балалар спорты дамытуға ерекше назар аударып, осы негізде әлемдік аренада жүлделі табыстарға жетуге ұмтылу керек» деп атап өтіп, спорттық кешендердің халыққа қолжетімділігін арттыру қажет екенін айқындады. Осыған орай Жетісу өңірінде заманауи спорт кешендері бой көтеруде.

30 Спорт  
нысаны  
салынды

дықорған қаласының №1 олимпиадалық резервтегі мамандандырылған балалар мен жасөспірімдер мектебінде керлинг, шорт трек және шайбалы хоккей бойынша бөлімшелер спортшылар игілігіне берілді. Сонымен қатар, сәуір айында Талдықорған қаласы №1 ОРМБЖМ-сында Ескелді және Көксу аудандарындағы спорт мектептерінде шайбалы хоккей спорт түрінен бөлімшелер ашылды. Аймақ басшысының тапсырмасы бойынша өңірде алғаш рет аула және мектеп командалары арасында футбол, волейбол және баскетболдан облыстық турнир өтеді.

Ауыл спорты дамыту мақсатында осындай игі шаралар жиі ұйымдастырылса, қарадомалақ балалар мен қарақөз қыздардың арасынан ел тарихында есімі қалатын тарланбоздар шығары анық.





**ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНДА ӘР АУЫЛДА ТАЗА СУ**

**2025 ЖЫЛДЫҢ СОҢЫНА ДЕЙІН 100% АУЫЛ ОРТАЛЫҚТАНДЫРЫЛҒАН ТАЗА АУЫЗ СУМЕН ҚАМТЫЛАДЫ**

**ҚАЗІРДІҢ ӨЗІНДЕ 694 200 ТҰРҒЫН ТАЗА АУЫЗ СУ ІШІП ОТЫР**

**2022-2024 ЖЫЛДАРЫ 420,5 КМ СУ ЖЕЛІСІ ЖАҢАРТЫЛДЫ**

# Жүйелі жоспар жетістік бастауы

**ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНА ЖЫП**

■ Жетісу облысы жеті өзеннің сағасында орналасқанымен елді мекендерге су жеткізу, тұрғындарды ауызсумен қамтамасыз ету мәселесі бір кездері күн тәртібінде тұрғаны анық. Әрине, Алматы облысы құрамында тұрғанда бұл саладағы көрсеткішіміз республикада алдыңғы орында тұрғаны мәлім. Алайда облыс алғаш шаңырақ көтерген жылдары су шаруашылығы төңірегіндегі мәселелер жиі көтерілді. Жер-жерде ауызсуға деген қажеттіліктің салдарынан жұрттың өкпе-реніші айтылып жатты.

Қажет АНДАС, «Jetisy» 

Осы бір түйткілден шығу үшін, су шаруашылығы мен сумен жабдықтау құрылғыларын жаңғырту және таза ауызсу мәселесін шешу үшін ұтымды жобаларды қолға алу қарастырылды. Осыған орай 2022 жылы 17 жобаны (жалпы құны 16,1 млрд. теңге) іске асыруға бюджеттен 7,7 млрд. теңге бөлініп, 264 шақырым желі салынды және қайта жаңартылды. Нәтижесінде сумен жабдықтау желілерінің тозуы 37,3 пайызға төмендеді. Сондай-ақ, облыстық бюджеттен 30 жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеуге 471,4 млн. теңге бөлінді. Жобалау жұмыстары 2023 жылы аяқталды. Сонымен қатар, 2021 жылдан бастап 21 елді мекенде жерасты су қорын бекіту жұмыстары жүргізіліп, өткен жылдары ел игілігіне берілді.

Халықты таза ауызсумен қамтамасыз ету мақсатында 2023 жылы сумен жабдықтаудың 25 жобасын іске асыруға 6,4 млрд. теңге бөлінді. Сол жылдың қорытындысы бойынша орталықтандырылған сумен 6 қалалық, 319 ауылдық елді мекен, 7 елді мекен тасымал сумен қамтамасыз етілді. 2024 жылға республикалық бюджеттен жалпы сомасы 6,1 млрд. теңгеге 10 жоба қолдау тапты. 12 ауыспалы жоба үшін жергілікті бюджеттен 150 млн. теңге сомасында қаражат бөлуге бюджеттік өтінім берілді. Осының аясында Алакөл, Қаратал, Кербұлақ, Панфилов аудандарындағы бірқатар елді мекен таза суға қол жеткізді.

Облыста 358 елді мекеннің 13-і немесе 3,6 пайызы орталықтандырылған су бұрумен қамтылған, кәріз желілерінің ұзындығы 620 шақырым. Ал аймақтағы кәріз желілердің тозуы 58,1 пайызды құрап отыр. Кәріздік тазарту құрылыстары 5 қалада және 2 аудан орталығында (Сарыөзек ауылы – консервациялауда) бар. 5 ауылдық елді мекенде сузу алаңы орналасқан. 2020 жылдан бастап

Алакөл ауданында «Кәріз жүйесінің құрылысы, көл жағалауында тәулігіне 6,5 мың м<sup>3</sup> кәріз тазарту құрылысы», жобасы іске асырылды. «Текелі қаласының кәріз жүйелерін қайта жаңарту» және Қаратал ауданы Үштөбе қаласының тазарту ғимаратын қайта жаңарту бойынша, Ескелді ауданының Қарабұлақ ауылының кәріз желілерін қайта жаңарту және салу, Алакөл ауданы Көктұма ауылының кәріз жүйесін орнату жобалары аяқталды.

2024-2026 жылдары жалпы құны 33,2 млрд. теңге болатын 31 инвестициялық жобаны іске асыру жоспарлануда, оның ішінде 7 суару жобасы бар. Облыста жаңа суармалы жерлерді көбейту үшін ирригациялық желілерді қайта жаңарту мақсатында 35,6 млрд. теңгеге су шаруашылығының 11 объектісінің құрылысы жүргізілуде, оның ішінде 4-еуі аяқталды, қалған объектілер жыл соңына дейін пайдалануға берілетін болады. Нәтижесінде 5,3 мың гектар суармалы жер қосылып, 37,1 мың гектар жерді сумен қамтамасыз етіледі.

Жалпы облыстағы 358 елді мекеннің (қалалық ЕМ – 6, ауылдық ЕМ-352) 331 елді мекені орталықтандырылған сумен жабдықтауға жатады. Бүгінгі таңда оның 92,5 пайызы орындалды. Егер осыдан 2-3 жылдың алдындағы 40-50 пайыздық көрсеткішпен салыстырмалы түрде қарайтын болсақ, облыстағы су мәселесі оңтайлы шешілді деуге болады.

## СОҢҒЫ 3 ЖЫЛДА:

**420** шақырымнан астам су желісі қайта жаңғыртылды. 24 ауылдың су мәселесі шешілді. Көпбірлік, Бибақан секілді ең шалғай ауылдарға да су жетті.



## СОҢҒЫ 3 ЖЫЛДА:

Текелі қаласында сүзгі стансысы жаңартылып, жаңа су желілері тартылды. Енді тұрғындар өзеннің лай суын емес, таза ауызсуды ішіп отыр.

## ХАБАРЛАНДЫРУ

«Kemenger 001» ЖШС 16.06.2025 ж. – 23.06.2025 ж. аралығында «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі бойынша: **Жетісу обл., Панфилов ауд., Атамекен а.о., Атамекен ауылы у.н. 135 мекенжайында жанармай құю стансысының құрылысы** жобасына талқылау түрінде қоғамдық тыңдаулар ақпараттық жүйеде ([ndbecology.gov.kz](http://ndbecology.gov.kz)) өткізіледі. Ескертулер мен ұсыныстар беру үшін «Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың ұлттық деректер банкі» сайтында ([www.ndbecology.gov.kz](http://www.ndbecology.gov.kz)) жобалық құжаттама пакетімен танысуға болады.

## ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «Kemenger 001» сообщает о том, что в период с 16.06.2025 – 23.06.2025 года на информационной системе ([ndbecology.gov.kz](http://ndbecology.gov.kz)) будут проводиться общественные слушания в форме публичного обсуждения по Разделу «Охрана окружающей среды» к рабочему проекту «Строительство САЭС по адресу: область Жетысу, район Панфиловский, с.о. Атамекен, с.Атамекен, уч.кв.135». С пакетом проектной документации можно ознакомиться на сайте «Национальный банк данных о состоянии окружающей среды и природных ресурсов» (<https://ndbecology.gov.kz>) для предоставления замечаний и предложений.

## ХАБАРЛАНДЫРУ

«BARS TECHNOLOGIES» ЖШС «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі (ҚОҚБ) «Теміржол төсемін салу арқылы өндірістік базаны кеңейту, орналасқан жері: Талдықорған қаласы, Шығыс өнеркәсіптік аймағы, 69-үй» жобасы бойынша қоғамдық талқылау арқылы қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы хабарлайды. Егер ету аумағы: Жетісу облысы, Талдықорған қаласы. Қоғамдық талқылаулар 12.06.2025ж. мен 18.06.2025ж. аралығында <https://ndbecology.gov.kz> Ақпараттық жүйесі сайтында өтеді. Жоспарланған іс-шараның бастамашысы: «BARS TECHNOLOGIES» ЖШС. БИН 160840017996, Өкіл: Қунакбаева Ж.И. – директор, байланыс: тел.: 8 705 740 22 18. Әзірлеуші: «Эконур» ЖК, Өкілі: Жүсупова А.М., байланыс тел.: 87777830386, электронды пошта: [esonur2011@mail.ru](mailto:esonur2011@mail.ru). Интернет-ресурстың мекенжайы: <https://ndbecology.gov.kz>. Жоспарланып отырған қызмет туралы қосымша ақпаратты, қоғамдық тыңдаулар өткізуді, сондай-ақ, көзделіп отырған қызметке қатысты құжаттардың көшірмелерін [esonur2011@mail.ru](mailto:esonur2011@mail.ru) электронды пошта немесе 87777830386 телефон нөмірі бойынша сұратуға болады.

## ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «BARS TECHNOLOGIES» уведомляет о проведении общественных слушаний путем публичного обсуждения по проекту Раздел «Охрана окружающей среды» (РООС) к рабочему проекту «Расширение производственной базы со строительством железнодорожного тупика, расположенного по адресу: г. Талдықорған, Восточная промышленная зона, 69». Территория воздействия: область Жетысу, г. Талдықорған. Публичные обсуждения состоятся с 12.06.2025 г. по 18.06.2025 г. на сайте <https://ndbecology.gov.kz> Информационной системы. Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «BARS TECHNOLOGIES». БИН 160840017996, Представитель: Қунакбаева Ж.И. директор, контакты: тел.: 8 705 740 22 18. Разработчик: ИП «Эконур», Представитель: Жүсупова А.М., контакты 87777830386, эл.адрес: [esonur2011@mail.ru](mailto:esonur2011@mail.ru). Адрес интернет-ресурса: <https://ndbecology.gov.kz> Дополнительную информацию о намечаемой деятельности, проведении публичного обсуждения, а также запросить копии документов, относящихся к намечаемой деятельности, можно запросить по эл. адресу [esonur2011@mail.ru](mailto:esonur2011@mail.ru) и номеру телефона 87777830386





# ЖЕТИСУ ОБЛЫСЫНА 3 ЖЫЛ



## ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!



**І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің, физика-математика факультеті, ақпараттық технологиялар және жасанды интеллект кафедрасының оқытушы – дәріскері Айгүл Өзбекқызы ЕЛЕПБЕРГЕНОВА** мерейлі 50 жасқа толып отыр.

Айгүл Өзбекқызын сыйлы, білікті әрі ізденімпаз әріптес ретінде сыйлап құрметтейміз. Жаңа ақпараттық технологияларды жылдам меңгеріп алатын, заман ағымынан қалмайтын ұлағатты жанның өмір жолы – жас ұстаздарға үлгі, білім саласына деген адалдықтың жарқын көрінісі. Саналы ғұмырын тәрбие мен білім беру ісіне арнап, шәкірт тәрбиелеу жолында аянбай еңбек етіп келе жатқан ұлағатты ұстазға зор денсаулық, отбасына береке, еңбекте толайым табыс тілейміз.

Мерейлі жасыңыз құтты болсын!

Ғылым мен білім саласына елеулі үлес қосып келе жатқан ұлағатты ұстаз, білікті басшы, педагогика ғылымдарының кандидаты **Ғалия Тұрысбайқызы ҚЫДЫРБАЕВАНЫ** 50 жасқа толған мерейтойымен шын жүректен құттықтаймыз!

Саналы ғұмырын жас ұрпаққа сапалы білім беруге, оқу үдерісін жетілдіруге, ғылымды дамытуға арнаған еңбегіңіз зор құрметке лайық. Еліңіз бен ұжымыңыздың сенімінен шығып, абырой биігінен көрініп жүрген сізге мықты денсаулық, отбасыңызға амандық, шығармашылық табыс пен толғағы жетістіктер тілейміз. Еңбегіңіз жемісті, мәртебеніз биік болсын!

*Биік болсын біртұтас тұғырыңыз,  
Айналага шуақ боп жылуыңыз.  
Ұстаздық мәртебеңіз ең биікте,  
Ұзақ болсын газиз ғұмырыңыз!*

*Бар бақытқа толы боп өміріңіз,  
Жадырасын жаздай көңіліңіз.  
Өнегелі өмірмен өрнектеліп,  
Жүз жастың төрінен көріңіз!*

**ІЗГІ ТІЛЕКПЕН:**  
кафедра меңгерушісі – **Лаура СМАҒҰЛОВА**

**ІЗГІ НИЕТПЕН:** **І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің, физика-математика факультеті, информатика және білімді цифрландыру кафедрасы меңгерушісі м.а. К. ЗАБИЕВА**



Асыл  
СҰЛТАНҒАЗЫ,  
«Jetisy»



Осыдан 3 ай бұрын жас ақын, «Egemen Qazaqstan» газетінің Жетісу облысы бойынша меншікті тілшісі Мұхтар Күмісбек пен «Құрмет» орденінің иегері, «Jetisy» газетінің бас редакторы Жұматай Оспанұлы бастап кеткен жылжымалы әдебиет мектебі санаулы уақытта қарқын алды. Облыс әкімдігі және мәдениет, білім басқармаларының қолдауымен жүзеге асқан жоба көктем мезгілінде Жетісу жеріндегі көк өскіндей өскелең ұрпақты әдебиетке тартты, кітап оқуға деген ынталарын оятып, өлең, эссе жазуға шындады. Осылайша бастапқыда жұмақ мекеннен 200 баланы оқытып, солардың ішінен тым болмаса, 20 жас талантты тауып, қанаттандырсақ деп жоспарлаған жобаның қорытынды кешіне 100-ге жуық бала белсенділік танытып, рухани көшке ілесіе білді.

Иә, қазақ халқының бай әдебиетімен отыққан, рухани уызға қанып өскен ұрпақтың болашағы жарқын болмақ. Әсіресе, елжандылық пен отансүйіштік қасиетті жиі ұран еткен бүгінгі уақытта әрбір жасты тұлға етіп қалыптастырудың ең тиімді жолы – әдебиеті мен тарихын тану, ойы ашық, санасы сергек буын тәрбиелеуде екені анық. Ел мұратына мұрындық болар ізгілікті іске арна тартқан «Мизам» жылжымалы әдебиет мектебінің ұстаздары Жұматай Әміреев пен Мұхтар Күмісбек 3 ай көлемінде облысымыздағы 8 аудан, 2 қаланы аралап, әр өңірде апта бойы жас таланттарға дәріс берді. Осылайша кеудесінде қоздап жатқан дарын шоғын үрлеп, жалынға айналдырғандай жас өскіннің жанарына от, жігеріне серпін берген «Мизам» жобасы мәресіне жетті.

Алғашқы кезеңде көздеген мақсаттан биік нәтиже көрсеткен жобаның ауқымы кеңейіп мүмкін. Өйткені, аталған жылжымалы әдебиет мектебіне еліміздің Батыс Қазақстан және Шығыс Қазақстан, Жамбыл облыстары да ынта танытып отыр. Қазақ халқының кеменгер тұлғаларынан тартып, әдебиет алыптары туралы мол мәлімет берген, олардың шырайлы шығармаларымен сусындатқан, ұлттық құндылықтың қайнарын ашып көрсеткен, шығармашылыққа деген ынталарын оятқан «Мизам» мектебінің алғашқы қадамы өз жемісін берді.

Облыс орталығындағы Оқушылар сарайында өрнек тапқан қорытынды кештің алғашқы бөлімінде 8 аудан, 2 қаладан арнайы келген шәкірттер мен олардың жетекшілерін қарсы алу салтанаты ұйымдастырылды. Жазу шеберлігі мен кітап оқу мәдениеті бойынша тәлім алған 200-ден астам оқушының финалдық кезеңге жолдама алған 100-і қызыл кілем арқылы Оқушылар сарайына енді. Онда бүгінгі таңда ұлт әдебиетіне өзінің

**Құндылықтар құнсызданғандай көрінген бүгінгі уақытта әрбір адамның тарихына, туң тамырына, төл әдебиетіне деген іңкәрлігін оятып, оның жан дүниесіне сілкініс алып келетін бірегей жобаларды ұйымдастыру керек-ақ. Бұл орайда «Өнерге қитмы, өнерді біл, замандас. Қайдан, жатпа, заманыңмен хабарлас» деген Гияс Жансүгіровтің отты жыры ойға орамады. Заманмен хабарласар, аргы-бергі дүниелерді кітап арқылы тамырына сіңіріп, танымын кеңейтер жастарды тәрбиелеуіміз аудадай қажет. Ал бұл тұрғыда өскеден ырақты әдебиетке баулу, шығармашылыққа деген ынтасы мен ынтасын ояту, жазуға, көркем сөйлеуге машықтандыруды мақсат еткен «Мизам» жылжымалы әдебиет мектебінің берері мол.**

## Жүз жүрекке жалын берген... жылжымалы әдебиет мектебінің жұмысы қорытындыланды



Суреттерді түсірген Жұмабай МҰСАБЕКОВ

кесек-кесек, шырайлы туындылары арқылы олжа салып, ел сүйіп оқитын авторға айналған Есболат Айдабосын, Қанат Тілеухан, Ергали Бақаш сынды ақын-жазушылардан қолтаңба алу рәсімі өтті. Ақтық сынға келген 100 оқушы «Мизам» жылжымалы әдебиет мектебі сыйлаған 100 кітапқа қолтаңба қойылды.

Қорытынды кештің келесі бөлімінде әдебиет байқауларында топ жарған, елге есімі танылған Есболат Айдабосын, Ергали Бақаш, Қанат Тілеухан сынды ақын-жазушылар «Мизам» мектебі саралаған оқушылармен кездесті. Сұрақ-жауап форматында өткен кездесу барысында әр шәкірт өзін толғандырған сауалдарды қойды. Әдебиет, мәдениет, қоғам мен заман, құндылықтар, адам бақыты, арманы құнсыз-

данған уақыттағы мәселелер де сұрақ болып жаудырылды.

– Құндылықтар құнсызданғандай көрінген бүгінгі уақытта жарыстың түрі көбейді. Біреулер смартфон арқылы жарысып жатса, кейбіреулер өзінің дәулеті арқылы өзгеден бойын озық еткісі келеді. Алайда, Абай айтпақшы, адамның адамнан биіктігі тәрбие, ақыл, біліммен ғана өлшенеді. Біз біреуден тек білім арқылы ғана оза аламыз. Сондықтан да жарыстың үлкені, нағыз аламын – білім, – деді жазушы Қанат Тілеухан сауал

қойған «Мизам» мектебінің шәкіртіне. Қаламгер өзінің «Медаль» шығармасы желісінде оқушылар тарапынан қойылған бірнеше сауал төңірегінде ой тербеп, «Қандайда бір еңбек лайықты бағасын алуы керек, дегенмен кейбір атақ, құрмет адамдарды құрдымға, құлдырауға алып барады. Болат Атабаев секілді ғажайып режиссеріміздің бір айтқаны есімде. Ол кісі: «Атақ менің талантыма талант қосып бермейді» деген еді. Әрі жоғары марапат пен атақтардан саналы түрде бас тартты», – деп толғанды.

Өз кезегінде «Қызыл сақа» секілді әңгімелері арқылы сауал жолданған шәкірттерге жазушы Есболат Айдабосын лайықты жауап беріп, «Сіздер жалғуы, бір дүниеден қажу тұрғысында сауал қойып жатырсыздар. Негізнен адам шәкірт кезінде мектеп бағдарламасынан, оқудан жалығуы мүмкін. Адамның бір дүниеден шаршауы, қажуы зандылық. Десе де сенің артыңда үміт күткен ата-анаң, ұстаздарың тұрғанда қанша жалықсаң да жақсы оқуға тиіссің. Сол секілді кейін азамат болғанда ел алдындағы жауапкершілікті, отбасы болғанда бала-шаға алдындағы міндетті ойлайсың. Жалықсаң да жан аямай күресесің. Біздің ұлттық танымымызға бұл сіңісті болған. Сондықтан адам Мұхтар Мағауин аталарың секілді асқақ арман қойып, соған ұмтылуы тиіс», – деп ақыл-кеңесін арнады.

Жалынды жастардың ғажайып сауалдарына жауап берген кеш кейіпкерлері қатарындағы белгілі ақын Ергали Бақаш та ұлттық таным, әдебиетке құштарлық тұрғысында ойын ортаға салды. «5-сынып оқып жүрген кезім болар. Аяғымды ауыртып алып, апта бойы үйден шыға алмадым. Сабалқа ауырсынған аяқпен бару мүмкін емес. Сол шақта әкем маған Мұқағали Мақатаевтың жыр жинағын сатып әкеліп берді. Апта бойы ақиық ақынның ақиқ жырларымен сусындаған мен сол уақыттың өзінде санам серпіліп, есейіп кеткендей сезіндім. Содан бастап ақын-жазушы болуды өзіме мұрат еттім», – деп қаламгерлік жолға деген алғашқы баспалдағынан естелік тарқатты.

Осылайша ақын-жазушылардың шығармасындағы өзін толғандырған тұсын сұрап, сан түрлі тақырып талқыға түскен кеште «Мизам» мектебінің шәкірттері көпті алғырлығымен қуантты. Жаттанды емес, мірдің оғындай сауалдар қойды. Ұлттық тұрғыда толғандырар тақырыптарға бастар сан сауалға жауап іздеді.

Ігілікті шараның негізгі бөлімінде Жұматай Оспанұлы мен Мұхтар Күмісбек «Мизам» жылжымалы әдебиет мектебінің жұмысына аз-кем тоқталып өтті. Арнайы дайындалған бейнеролик көрсетілді.

– Кітап оқуға мен де құштар жанның бірімін. Әрбір өнегелі іс пен өміршең дағдының бастауында ізгілік, мейірбандық, елжандылық пен дүниеге деген айрықша көзқарас тұрса ғана ол жемісті болмақ. Жастарды әдебиетке, өнерге баулу, таным көзжиегін кеңейту жолындағы бастама басында нысаналы болғанымен бара-бара жобамыз мектепке ұласты. Мұның басы-қасында жүргеніміз өзімді бақытты санаймын, енді мектеп «Мизам» университеті деген ауқымға дейін арна тапсын, – деп облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы Қуаныш Сүлейменов тебіренді.

Қазақтың көрнекті ақындары, Қазақстанның Құрметті жазушысы Әміре Әрін, Нүсіпбай Әбдірахым бастаған зиялы қауым өкілдері мен шараның қадірменді меймандары финалдық кезеңге жолдама алған 100 оқушының арасынан үздік деп танылған 15 оқушыны марапаттады. Үздік 15 шәкірт сапынан танылған жас санлақтар «Мизам» мектебінің Алғыс хатымен, 50 мың теңгелік сертификатпен марапатталды.

**Айта кетерлігі, жаңа оқу жылында «Мизам» әдебиет мектебі өз жалғасын табады. Қолдау болса, бұл ізгілікті істің ұйытқысына айналған Жұматай Оспанұлы мен Мұхтар Күмісбек жобаны ел көлемінде де алып жүруді көздеп отыр.**

### ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

«Жетісу облысы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі

Меншік иесі:  
ШЖҚ «Жетісу Медиа» МКК

Басшы:  
Шыңғыс БОЗЫМ  
Басшының қабылдау бөлмесі: 40-20-71

Бас редактор:  
Жұматай ӘМІРЕ

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2023 жылғы 13 ақпанда тіркеліп, № KZ44VPY00064518 куәлігі берілген.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Мекенжайымыз:  
Талдықорған қаласы, Жұмахан Балапанов көшесі, 28.  
Қабылдау бөлмесі — 40-20-64, жарнама бөлімі — 40-20-69, 8 775 355 89 58, 8 747 410 69 09.  
Меншікті тілшілер:  
Панфилов ауданы — 8-708-442-43-76, Сарқан, Ақсу аудандары — 8 701 779 19 38.  
Газет табыс етілмесе — 8 (7282) 30-69-47 телефонына хабарласу керек.



Кезекші редактор: Санжар СҰЛТАНҒАЗЫ

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Компьютерде 16-шы қаріппен терілгенде 4 беттен асқан материал қабылданабайды.

«Jetisy» газеті мен сайтында жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты керек.

Суреттердің сапасы үшін редакция жауап береді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелері бойынша сенім телефоны: 87773880990

«Jetisy» газетінің компьютер орталығында теріліп, беттеледі. Газет аптасына үш рет – сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде шығады.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үйде, «Алматы – Болашақ» АҚ филиалы «Офсет» баспаханасында басылады.

М. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 П. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10

Тапсырыс — 594  
«Жетісу Медиа» МКК басшыларының жалпы таралымы — 10 170, оның ішінде «Jetisy» газетінің осы шығарылымының таралымы — 6070. Индексі — 65469.